

SAIASAT

1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ЖӘРДЕМАҚЫ ӨСЕДІ

2-бет

DODA

МЕНИҢ ТАҢДАУЫМ – МЕНИҢ БОЛАШАҒЫМ!

3-бет

KÚN TÁRTIBI

ҚАЛА КӨРКЕЙЕ ТҮСПЕК

4-бет

RÝHANIAT

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

6-бет

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ЕЛДІКТИҢ АЙҒАҒЫ

Серке Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрында ҚР Рәміздері күніне арналған «Менің елім» атты салтанатты жиын өтті.

«Менің елім» деп Әнұранды шырқаған көпшілік төрден орын алған еліміздің көк байрағы мен Елтаңбаға бет түзеп, құрмет көрсеткен соң Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаев ақ тілегін ақтарды.

– Мемлекеттік Ту, Елтаңба мен Әнұран біздің ұлттық игілігіміз, еліміздің тарихына, мәдениеті мен дәстүріне деген құрмет белгісі. Бұл қасиетті де қастерлі белгілерде Тәуелсіз Қазақстанның идеологиясы, оның тарихи дамуының, ой-өрісі мен философиясының негізгі бағыттары айшықталған. Мемлекеттік рәміздер – еліміздің егемендігі мен Тәуелсіздігін паш ететін нышандар. Халқымыздың рухың, ұлттық салт-санасың, даналығың болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілері. Әрбір қазақстандық үшін мемлекеттік рәміздер – азаматтық пен патриотизмнің ажырамас бөлігі. Қазақстанның әлемдік аренадағы жеңісі мемлекеттік туды биікке шығарып, Әнұранды орындаумен өлшенеді. Сондықтан, сондай жеңісті күндер көбейе берсін, – деп, жиналғандарды мерекемен құттықтаған Нұржан Серікұлы марапаттау рәсімін бастады.

Жылдағы дәстүр бойынша мемлекеттік рәміздерді насихаттап, олардың дұрыс қолданылуын сарапқа салатын қалалық байқау өткізілді. Оның нәтижелері бойынша үздік шыққандар сахна төрінен көрінді. «Менің елім» атты конкурстың «Үздік мемлекеттік рәміздер бұрышы» номинациясын Жезқазған гуманитарлық колледжі жеңіп алса, «Мекеме басшысы кабинетінде орналасқан мемлекеттік рәміздің

үздігі» номинациясының жеңімпазы №10 жалпы білім беретін орта мектебі атанды. «Ғимарат сыртындағы мемлекеттік Ту мен Елтаңбаны үлгілі безендіру» номинациясымен Жезқазған қаласының полиция басқармасы марапатталды. Жеңімпаздарға дипломдар мен қасиет дарыған қазақтың қара домбырасы тарту етілді.

Қаламыздың мәдени-саяси өміріне, мемлекеттік рәміздерімізді дәріптеуге белсенді атсалысып, мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға айрықша үлес қосқан жастар Жезқазған қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен еленді. Олардың қатарында Азамат Шаймерден, Айна Кенбайқызы, Қасиет Шәкенова, Руслан Төлең, Жарас Ершиев, Жеңісбек Балабек, Алмас Зайырбеков, Бейбарыс Шаруа, Айболат Еркебуланұлы мен Айдарбек Әлімжан бар. Білім беру, спорт, мәдениет саласы мен мемлекеттік қызметте еңбегімен ерекшеленген марапат иелеріне ҚР Елтаңбасының авторы Жандарбек Мөлбеқұлының «Қазақстан Елтаңбасы» атты кітабы естелікке сыйға тартылды.

Салтанатты шараға қатысқан өнерлі жастар мемлекеттік рәміздерге деген құрмет белгісі ретінде әннен шашу шашып, жырдан маржан терді. Мерекелік жиын барысында «Самурай» клубының балкер-жаттықтырушысы Асылбек Нұрлыханов бастаған жас қаратасшылар салауатты өмір салтын дәріптеп, «Асылай» би тобының патриоттық «Мен қазақтың» өнінін әуеніне салған заманауи би қимылы көрерменді тәнті етті. Жезқазған музыкалық колледжінің студенті Абылай Садықтың орындауындағы «Көк тудың желбірегені» әнімен түйінделген шара әрбір азамат Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет деген ой салды.

Диана ОРАЗАЛИНА



МЕРЕЙТОЙ

АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Халқының өмір сүру ұзақтығы бойынша көш басында тұрған жапон елі теңіз жағалауынан ежелгі дәуірлерден қалған тасқа қашалған жазуды тауып алады. Мамандар ежелгі жазуды зерттеп, өз тілдеріне аударғанда мынадай сөйлемді оқиды: «Жетпіс – балаң шақ, сексен – жігіттік кезең, тоқсанға келгенде ата-бабаларың аспанға шақырса, жүзге келгенше күте тұруың өтіні!» Бүгінгі күні осынау сөздерді өмірлік ұстанымдарына айналдыра білген кез келген самурай ұрпағы жүзді алқымдамай ешқайда асықпайды. Олар бұлайша өмір сүру ұзақтығын ізгі ой ойлау, жақсылық жасау, өмірді сүю және 15-18 сағатқа дейін ерінбей жұмыс жасаумен түсіндіреді. Осылайша өмірін өнегеге толтырып, еңбегімен еліне пайдасын тигізген ақылман қариялар біздің қаламызда да жетерлік. Солардың бірі – Зинаида СУДЫНА.



Жезқазған қаласының көркеюіне өз үлесін қосқан еңбек ардагері, «Nur Otan» партиясы қалалық сайлауалды штабының мүшесі Зинаида Сергеевна биыл 80 жасқа толды. Оның құрметіне «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында шара ұйымдастырылды.

Балқаш қаласында дүниеге келген Зинаида Сергеевна 13 жасында үлкен Жезқазғанға көшіп келіп, осында білім алып, мұғалім мамандығын меңгереді. «Керілік мені үйден таба алмайды!» деген ұраны бар ол ұзақ жасаудың сыры белсенділікте екенін айтады. Жезқазған тарихи-археологиялық

музейінде қызмет атқарып, көптеген мәдени іс-шаралардың ұйымдастырған Зинаида Сергеевна қазір де қаланың қоғамдық-саяси, мәдени өмірінен сырт қалмақ емес. Сабырлық пен еңбекқорлығынан танбаған ол қалалық сайлауалды штабының белсенді мүшесі, «Жезқазған маржандары» хор ұжымының топ басшысы.

Мерейтой иесін Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы С.Нұрлыбаева құттықтап, қала әкімі Қ.Бегімовтің Алғыс хаты мен сыйлығын табыстады. Сондай-ақ, шара барысында «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық

филиалы төрағасының бірінші орынбасары Г.Қаженова, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС тау-кен кешенінің аппарат жетекшісі Қ.Мейрамулы, қалалық мәслихаттың депутаты С.Филипович, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің директоры Р.Қапарова және Санкт-Петербург қаласынан арнайы келген немерелері сөз алып, құттықтау лебіздерін білдірді. Әннен шашу шашқан Л.Бекбалақова, А.Сағындықов пен «Жезқазған маржандары» шараның көркіні кіргізді.


Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН
Суреттерді түсірген
Ғалия ӘБДИҚАПАРОВА

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!

2019 ЖЫЛДЫҢ 9 МАУСЫМЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ ӨТЕДІ. САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕ КЕЛІП, ӨЗ ТАҢДАУЛАРЫҢЫЗДЫ ЖАСАҢЫЗДАР. ӨЗ БОЛАШАҚТАРЫҢЫЗ – ӨЗ ҚОЛДАРЫҢЫЗДА! СІЗДЕРДІҢ ДАУЫСТАРЫҢЫЗ – ЕЛ ҮШІН МАҢЫЗДЫ!

Өзіңіздің сайлау учаскеңізді білмесеңіз сайлаушылар тізімінен <https://e-krg.gov.kz/> сайты немесе 8(7102)736608 телефоны арқылы тексеріп көріңіздер!

#ЖОЛДАУ2019



5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10% - на дейін жеткізу қажет.

Қала тұрғындарының назарына!

2019 жылғы 8 маусымда Жаңаарқа және Ұлытау аудандары шаруа қожалықтарының қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтетінін хабарлаймыз. Өтетін орны: Жезқазған қаласы, С. Сейфуллин көшесі 12, «Нарық» базары (орталық базар).

Жезқазған қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі

СЕССИЯ ШАҚЫРЫЛАДЫ

VI шақырылған Жезқазған қалалық мәслихатының кезектен тыс XXXVI сессиясы 2019 жылдың 11 маусымында өкімдік пен мәслихаттың үлкен залында/10-қабат/ сағат 11:00-де мына күн тәртібімен шақырылады:

1. Жезқазған қаласының жекеленген санаттағы азаматтарының қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы.

Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиялар отырысы 2019 жылдың 11 маусымында өкімдік пен мәслихаттың ғимаратында сағат 10.30-да өтеді.

Сессия төрағасы С.СЕРІКБАЕВ

Оқырмандар назарына!

Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетіне 2019 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу басталғанын хабарлаймыз.

Газетке жазылу құны Жеке тұлғалар үшін:

- Редакциядан келіп алушыларға – 1500 теңге;
- Мекенжайға жеткізіп беру – 2000 теңге;

Мекеме, кәсіпорындар үшін:

- Редакциядан келіп алушыларға – 3000 теңге;
- Мекенжайға жеткізіп беру – 3500 теңге.

Газетке жазылу шарттары туралы қосымша мәліметті 8(7102) 77 50 25, 71 07 01, 71 00 55 телефондары арқылы біле аласыздар.

SARYARQA-АҚПАРАТ

ТЕҢГЕ БАҒАМАҸЫ НЕГЕ ӨЗГЕРДІ?

ҚР Ұлттық банкі төрағасының орынбасары Мәдина Әбілқасымова теңге бағамының өзгеруіне қатысты пікір білдірді.

– Теңгенің айырбас бағамы бірінші кезекте іргелі факторларға, мұнай бағасының өзгеруіне байланысты. Соңғы аптада өлемнің алпауыт елдері арасындағы сауда төкетіресінің күшеюі тұрғысында нарықтағы мұнай бағасының тиісті төмендеуі байқалды. Сәйкесінше, көптеген дамушы нарықтардың валюталарына тиісті деңгейде әсер етті, – деді М. Әбілқасымова Парламент Мәжілісінің жалпы отырысынан кейін тілшілер сауалына жауап беріп.

Ол елімізде теңгенің еркін бағамы режимі қалыптасқанын еске салды.

– Теңгенің бағамына ықпал ететін іргелі факторларға қарай бағамның өзгеруі әлсіреу немесе нығаю жағына қарай болады. Сонымен қатар, шлші нарықтағы сұраныс пен ұсыныс та теңге бағамына әсерін тигізеді. Осы орайда аталған бағыттағы жағдайды тыңғылықты бақылап отырмыз, – деді ҰБ төрағасының орынбасары.

Еске сала кетсек, 12 наурызда ҚР Үкіметінің Қаулысымен Мәдина Ерасылқызы Әбілқасымова ҚР ұлттық экономика бірінші вице-министрі болып тағайындалған болатын. Ол 2018 жылдың ақпан айынан бастап 2019 жылдың ақпанына дейін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметін атқарған еді.

МҰҒАЛІМДЕР мен ДӘРИГЕРЛЕРГЕ БАСТАПҚЫ ЖАРНАСЫЗ ПӘТЕР БЕРІЛМЕК

Қазақстан ипотекалық компаниясы мен ҚР ДСМ, ҚР БҒМ арасында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша сатып алу құқығымен тұрғын үйлерді жалға беру туралы келісімдерге қол қойылды.

Аталған келісімдер арқылы министрліктер мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлерін тұрғын үймен қамту жоспарланған.

Аталмыш бағыттағы қызметті қаржыландыруға шамамен 40 млрд теңге «ҚИК» ИУ» АҚ меншікті қаражаты мен нарықтық талаптарға сәйкес, қарызға алынған қаражат жұмсалатын болады. Осыған сәйкес, бағдарламаны іске асыру мемлекеттік бюджетке қосымша салмақ салмайды.

Қатысушылар үшін жалға берілетін тұрғын үйді өткізу талаптары мынадай: тұрғын үйді жалдау мерзімі – 20 жыл. Бастапна бастапқы жарнасыз беріледі. Тұрғын үйді кең келген уақытта және айыппұл санкцияларын қолдануды мерзімнен бұрын сатып алу мүмкіндігі бар. Кіріс жеткіліксіз болған жағдайда кепілгерлерді тарту мүмкіндігі де қарастырылған. Бұл ретте бағдарлама бойынша жалгерлік төлемнің орташа айлық құны республика бойынша орташа бағадан төмен болмақ.

– Қазақстан ипотекалық компаниясы білім беру және денсаулық сақтау саласының қызметкерлері үшін тұрғын үйді ипотекалық несиелендіру бойынша арнайы бағдарлама әзірледі. Компаниямыз 2015 жылдан бері сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйрен салу мен сатып алуды қаржыландырып келеді. Осы кезге дейін біз Қазақстан бойынша 18 мыңнан астам отбасын тұрғын үймен қамтамасыз еттік. Компаниянысы осынау тәжірибесі осы әлеуметтік маңызы бар жобаны нәтижелі іске асыруға мүмкіндік береді деген сенімдеміз, – деді «ҚИК» ИУ» АҚ Басқарма төрағасы Әділ Мұхамеджанов ОКҚ-а өткен баспасөз мәслихатында.

Тұрғын үй ағуа үміткерлер тізімін тікелей министрліктер құратын болады. Ең көзгеінде «ҚИК» ИУ» АҚ берілген қызметкерлердің төлем қабілеттілігін тексеріп, бағалау қорытындысы бойынша өтінімдері мақұлданған үміткерлермен ұзақ мерзімді жалдау шартын бекітеді.

Бағдарламаны іске асыру арқылы алдағы екі жылда 3 мың қазақстандық отбасын меншікті тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Айта кетсек, келісімге ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов, ҚР Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы Арын Орсариев, «ҚИК» ИУ» АҚ Басқарма төрағасы Әділ Мұхамеджанов қол қойды.

1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ЖӘРДЕМАҚЫ ӨСЕДІ

2019 жылғы 1 шілдеден бастап мүгедек бала тәрбиелеп отырған ата-анаға тағайындалатын жәрдемақы мен бала кезінен I топтағы мүгедекке күтім көрсететіндерге берілетін жәрдемақы көлемі өседі.

«Nur Otan» партиясының XVIII съезінде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың берген тапсырмасына сәйкес, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға берілетін жәрдемақы көлемі 30 %-ға өсуі тиіс. Бүгінде мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар күнөрік көлемінің 1,05 мөлшерінде 31183 теңге жәрдемақы алып отыр. 1 шілдеден бастап оның көлемі 10395 теңгеге өсіп, 41578 теңгегі құрайтын болады» делінген «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ баспасөз қызметі таратқан ақпаратта.

Айта кетейік, елімізде аталған екі жәрдемақы түрі 95 мыңнан астам адамға тағайындалған. Олардың 82 мыңға жуығы мүгедек баланы тәрбиелеп отырғандар болса, 13 мыңнан астамы бала кезінен I топтағы мүгедектерге күтім көрсететіндер.

Жылдың ортасынан бастап көлемі өсірілетін жәрдемақының қайта есептелуін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімшелері мен Еңбек комитетінің аймақтық департаменттері автоматты түрде жүзеге асырады, бұл үшін жәрдемақы алушылар қосымша құжат тапсырмайды.

Жәрдемақы төлемдерін тағайындау шілденің және келесі өлбір айдың 1-нен 15-не дейін жұмыс күндері жүргізіледі.

АЛЕКСАНДР ЗАТАЕВИЧТІҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫ ТОЙЛАНАДЫ

Қазақтың дәстүрлі музыкасының зерттелуіне үлкен үлес қосқан тұлғаның мерейтойына орай Алматыда халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтеді.

Мәдениет және спорт министрлігінен хабарланғандай, 2019 жылдың 6-7 маусымында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында этнограф, музыка зерттеушісі Александр Затаевичтің 150 жылдығы аясында «Музыкалық этнографиядағы тұлға, дәстүр, мәдениет» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция және «Дәстүр ізімен» атты дәстүрлі музыкалық концерт өтеді. Шараның мақсаты – атақты этнографтың мерейтойын тойлау ғана емес, сонымен қатар, ғұрыптық дәстүрлердің қазіргі замандағы қолданыс пен сақталуы мәселелерін саралау. Конференцияға Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Болгария және Венгрия елдерінен 65-ке жуық зерттеуші қатысады.

– Александр Затаевичтің қазақ халқының мәдениеті мен өнеріне сіңірген еңбегін ұмыту мүмкін емес. Қазақтың 1000 өнін нотаға түсіріп, «Қазақтың 500 өні мен күйі» атты этнографиялық жинақтарын шығарып, дәстүрлі ән-күйлеріміздің көне нұсқаларының хатталуына ері сақталуына зор үлес қосты. Затаевичтің еліміздегі музыкатанушылар осы ғылымының негізін қалаушы тұлға, ұстаз ретінде қабылдайды. Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясында қызмет ететін зерттеушілер оның еңбектерін ең көне жазба дерекзжі ретінде басшылыққа алады. Сондықтан біз үшін Александр Затаевичтің 150 жылдығын өткізу маңызды, – деді өз сөзінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры Арман Жүдебаев.

Айта кетсек, Александр Викторович Затаевич – (1869-1936) қазақтың дәстүрлі музыкасының зерттелуіне орасан зор үлес қосқан тұлға. 1920 жылы қазақ өнін естіп, оны құмартуы Затаевичтің өмірін басқа араға бұрып, қазақ музыкасындағы тарихтың жаңа парақтарының ашылуына септігін тигізді. Сол кезеңнен бастап А. Затаевич өзінің болашақ қызметін дәстүрлі музыка мұраларының үлгілерін жинау, оны насихаттаумен тығыз байланыстырады. Қазақтың көп-көсір мұрасын жинақтауды өзіне парыз санаған зерттеуші ұлты басқа болғанына, өрі орта жасқа келгеніне қарамастан, 1920 жылдардың қиын-қыстау кезеңінде кездескен көлік атуалымен, болмаса жау-жаулы аралап, көптеген ән-күйлерді нотаға түсіріп, оларды орындаушылар мен жеткізушілер жөнінде көп деректер жинады. Сонымен қатар, ол тек қазақ фольклоры ғана емес, қырғыз, өзбек, ұйғыр, дунған, корей халықтарының да фольклорын зерттеп хатқа түсірді. Осылайша Александр Затаевичтің еңбегі музыка зерттеушілері мен фольклортанушыларға үлкен серпіліс берді.

КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫ ҚОҒАМЫТҮДҮЙ ҚИҮН ЖОЛДАРЫ

Біздің күнделікті күйбең тіршілігіміз қиындыққа толы. Бала-шағаның кішкентай кезіндегі жауапкершілік жүгі толығымен ата-анасына жүктеледі. Есейе келе, адам өз өмірі мен өз отбасының өмірін басқару жауапкершілігін түсініп, түйсене бастайды. Бұл – қиындығы басым міндет болғанымен қызығы да баршылық. Өйткені, адам өз болашағын өзі қалыптастырады және оның өмір сүру сапасы өзі қабылдаған шешімдеріне тікелей байланысты болмақ.

Адам баласы мүлдем мемлекет те өзінің қалыптасу жолынан өтеді. Бастапқы кезеңде мемлекет барынша ықпал ете алғанымен шектен тыс орталықтандыру елдің дамуын тежейтін кезең де келіп жетеді. Сонда азаматтардың позитивті белсенділігі, оларды өз үйін, шаруашылығының, ауылдық округін басқаруға тарту қажеттігін түсіне бастайсың.

Мұндай мүмкіндік бізде бар және ол заңды түрде ресімделген. Жергілікті өзін-өзі басқару процесіне қатысуға арқылы азаматтар өз ауылының, қаласының дамуына ықпал ету мүмкіндігіне ие болады. Бірақ мұндай мүмкіндіктің болуы бір бөлек те, оны іске асыру бір бөлек. Қоғамның белсенді қатысуынсыз жергілікті өзін-өзі басқару – тек фикция. Мұндай игі іске қоғамды қатыстыру біршама уақыт пен күш-жігерді қажет етеді. Алайда, тиімді басқару нәтижелі болып, өмір сүру сапасы арта бастағанда, осынау игі істерге қосқан өз үлесің үшін мақтаныш сезімі оянып, бұл салаға деген қызығушылығың арта түсетіні анық.

Қоғамды жергілікті өзін-өзі басқару процесіне қатысуға мейжбүрлеуге болмайды. Бұл істі ынталандырудың түрлі нысандарын бірте-бірте пайдалану, түсіндіре жұмыстарын жүргізу, қоғамның мойындауымен уәждеу қажет. Жергілікті өзін-өзі басқарудың қазақстандық үлгісін қалыптастыру кезінде шетелдік тәжірибеге сүйеніп қана қоймай, еліміздің тарихын да ескеру қажет.

Ұлы дала аумағындағы жергілікті өзін-өзі басқару тарихы көптеген ғасырларға созылып жатыр және рулық-тайпалық қоғамдастық дәуірден бастау алады. Ру старшындары мен тайпа көсемдері құрылтайларда және көшпенділердің жиындарында сайланатын болған. Сайланғанынан кейін оларға даулы мәселелерді шешуе, әскери бөлімшелерді басқару өкілеттіктері берілген. Рулық қауымдар ауқымы автономияға иелік етіп, жергілікті, тіпті саяси проблемаларды шешуде қол ықпал етіп отырған.

Қазақстандағы өзін-өзі басқаруды дамытудың заманауи кезеңі жайында айтар болсақ, әдетте бұл кезеңді ел егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болып жарияланған күнінен бастаймыз.

Реформалар басталған кезде жеке меншік, жалпыодақтық, республикалық және коммуналдық (жергілікті) болып үш түрде қолданылды. Әкімшілік-аумақтық бірлік коммуналдық меншік субъектісіне жатқызылды, сайланған жергілікті кеңестер тұрғындардың атынан мүлікке иелік етіп, оны пайдалана алды.

1991 жылғы ақпанда «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ ССР халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» Қазақ ССР заңы қабылданды. Мұнда жергілікті кеңестердің жеке материалдық және қаржылық базасы мен өкілетті органдардың үстемдігі қағидаты бекітілді. Жергілікті кеңестің төрағасы бір мезгілде Атқарушы комитеттің төрағасы болып сайланды.

Келесі кезең 1992 жылғы қаңтарда «өкілетті органдардың үстемдігі» қағидаты «өкілетті және атқарушы-басқарушы органдардың функциялары мен өкілеттіктерінің аражігін ажырату» қағидатына ауыстырылды. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының рөлі жоққа шығарылмай, Қазақстан Республикасының Президентіне немесе облыстық әкімшіліктің басшысына есеп беретін жергілікті өкімшілік басшыларының институты енгізілді.

1992 жылғы ақпанда ҚР Президентінің «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» Жарлығына қол қойылды. Мұнда тұңғыш рет Қазақстан Республикасының Президентінен бастап жергілікті өкімшіліктің басшыларына дейінгі барлық атқарушы-басқарушы органдардың бірыңғай жүйесі бекітілді. Жергілікті өкімшілік басшыларының институты енгізілгеннен кейін атқарушы биліктің сатылас жүйесі қалпына келтірілді, алайда жергілікті өкілетті органдарды бұрынғысынаша Кеңестер түрінде қалды. Бұл ретте, өкімшілік органдар билікке толық дерлік ие болды, ал нақты функциялардың жоқтығына байланысты өкілді органдардың рөлі жергілікті мемлекеттік басқару тетігінде маңыздылығы аз болды.

1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған тұңғыш Қазақстан Республикасы Конституциясында жергілікті өзін-өзі басқару дейтін қоғамның демократиялық институты мүлдем қарастырылмаған. Алайда, жергілікті

жерлерде көптеген аумақтық қоғамдастықтарда қоғамдық өзін-өзі басқару комитеттері (КОС), көше, үй және орамдық комитеттер құрылды.

Өткен жылдары орын алған билікті күшті орталықтандыру ісі өз-өзін ақтады, өйткені негізгі басымды міндеттер – мемлекет құру, ел егемендігін нығайту және салдары ретінде мемлекеттік басқару жүйесін орталықтандыруды заң тұрғысынан бекіту болды. Алайда, қазіргі кезеңде билікті шектен тыс орталықтандыру еліміздің дамуын тежей бастады.

1995 жылғы тамызда қазіргі қолданыстағы Конституция қабылданды. Онда бізде «жергілікті өзін-өзі басқару танылады» және «жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ, ол халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қалалық және ауылдық қоғамдастықтардағы басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады» делінген.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін құру жөніндегі келесі қадам 2007 жылғы 21 мамырда жасалды, ол кезде қолданыстағы Конституцияға өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару мемлихаттар және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын болды, сондай-ақ, жергілікті қауымдастықтардың органдарына мемлекеттік функцияларды беру мүмкіндігі бекітілді. Қазіргі уақытта Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық негізі – Конституция, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заң және ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы болып табылады.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР заңына жергілікті өзін-өзі басқаруға азаматтардың қатысуын реттейтін толықтырулар енгізілді. Қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізу жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қалыптасу процесін түйіндей қойған жоқ. Керісінше, бұл процесс дамудың бастапқы сатысында десек те болады.

Осы орайда, Қазақстан үшін жергілікті өзін-өзі басқарудың ТМД және Шығыс Еуропа елдеріндегі қалыптасу тәжірибесі қызығушылық тудырып отыр.

Мысалы, Польшаның заң шығарушылары 1990 жылдың өзінде ұлттық актілерінде жергілікті өзін-өзі басқару жөніндегі Еуропалық хартияның негізгі тәртібін бекітті. 1990 жылғы қаңтардан бастап Польшада жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң күшіне енді, оған сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару азаматтардың құқығына басымдық бере отырып, субсидиарлық қағидат негізінде жүзеге асырылуы қажет. Жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырудың базалық негізі ретінде гмина (қауым) сайланды. Жергілікті қоғамдастықтың басқарушылық қызметі жергілікті гминдік (жергілікті) өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады; олардың негізгі міндеті дәл Польшадағы мемлекеттік билік органдары сияқты – тұрғындарға қызмет көрсету.

Өзін-өзі басқару ісі Польшаның дамуында үлкен рөл атқарды. Жергілікті тұрғындардың белсенділігінің арқасында Польша елеулі өзгерді. Егер барлығы орталықтан ғана басқарылып келген болса, ел дамуында ілгерлеу мүмкін болмас еді. Реформаның арқасында ең гминдары мен поветаларын басқаруға қабілетті жергілікті өкімшілер қоғамдастығы пайда болды. Сарапшылардың пікірінше, өзін-өзі басқару ісін қайта жаңғырту Польшадағы неғұрлым сәтті реформалардың бірі болды.

Франциядағы жергілікті өзін-өзі басқару ісі де мемлекеттік құрылыстың қазақстандық моделін талқылау барысында қарастырылды. Франция өзінің өкімшілік бөлінісі бойынша барлық Еуропа мемлекеттері арасындағы ең «бытыраңқысы» болып саналады. Бұл елде 36 мыңнан астам коммуна (елді-мекендер) бар, ал олардың үштен бірінде 200-ге жетер-жетпес тұрғын тұрады. Француз коммуналарын ірілендіру реформасы жүз жылдан астам уақыт бойы түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырылып келді.

Ірілендіру тәжірибесінің позитивті де, сол сияқты теріс жағы бар. Муниципалитеттерді күштеп біріктіру сәтсіз аяқталды. Муниципалитеттерді ерікті түрде біріктіру кезінде табысқа қол жеткізілді. Біріктіру жоғарғы жақтың бастамасы болғанымен, бұл шаруа тарихи қалыптасқан кооперациялар, зерттеулер мен күрделі түсіндіру жұмыстары ескеріле отырып, атқарылды.

Әкімшілік-аумақтық бірліктерді біріктіруді іске асыру стратегиясы ойластырылған кезде экономикалық өсудің «полюсын» құруға, өңіраралық салыстырмалы түрде әлеуметтік көрегерарлықты жоюға, жеке алынған өңірде және жалпы елдегі қоғамдық-саяси жағдайды тұрақтандыруға ықпал етеді.

Бұл жүйе жұмыс істеуі үшін жай ғана заңдарды

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықтың күрес – ең өзекті сұрақтардың бірі. Сыбайлас жемқорлық мемлекет ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер өкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы бойынша нақты міндеттер алға қойылып, оның ішеу мәселелері қарастырылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік бағдарламалары барлық мемлекет пен қоғамның жүйелі жұмыс жасауына, өрі қарай өткізу мақсаттылығы мен қажеттілігін көрсетті. Стратегияның негізгі мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған «Қазақстан -2050» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, ол өз кезегінде сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздіктің тікелей қаупіне көтереді және осы жағымсыз құбылыспен күресте мемлекет және қоғам күш-жігерді біріктіруге бағыттаған.

МОБИЛЬДІ ТОП КЕҢГІРЛІКТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты Хансейіт Бөлен бастаған мобильді топ «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасы шеңберінде Кенгір селосындағы мемлекеттік қызметшілермен жүздесіп, сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау хақында әңгіме өрбтті.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі қолға алған бұл жоба ең алдымен тұрмыстық жемқорлықты жоюға бағытталған. Сыбайлас жемқорлықтың түп тамырына балта шабу әзірше мүмкін болмағанымен, алдын алуға болады. Сондықтан, жоба еліміздің ер түпкірінде қолдау тауып, ел дамуын тежейтін жемқорлықпен күрес күшейе түсті. Соның нәтижесінде мемлекеттік қызмет сапасын жақсарып, тұрмыстық жемқорлық азайып, азаматтар мен бизнес үшін бөгетсіз және жайлы шарттар құрылады және мемлекеттік органдардың іс-әрекетінде ашықтық пен мөлдірлікті қамтамасыз етіледі деп күтілуде. «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасының мақсаты мен міндетін егжей-тегжейлі түсіндірген Хансейіт Ыбырақымұлы Жезқазған-Ұлытау аймағы облыс көлемінде соңғы екі жылдың ішінде сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша көш бастап тұрғанын айтып, мемлекеттік қызметшілер барынша өз міндетін абыроймен атқарса деген тілек білдірді.

– Өздеріңізде белгілі елімізде орын алған жемқорлық фактілері қоғамның

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымен адамдар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мемлекеттік қызметкерлері өз өкілеттілігін шегінде заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу: қоғамда сыбайлас жемқорлыққа тәзбестік ахуалын қалыптастыру; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ауыл арқылы іске асырылады.

өзгерту жеткіліксіз. Өйткені, заң шығарушы адамдар, мекемелер мен өзін-өзі басқару органдары әрекет ететін заңдық шеңбер ғана сызады. Егер адамдар реформаның мәнін түсінбейтін болса, заң басқа мазмұнмен толтырылады не мүлдем қолданылмайды. Реформалар кезінде қоғамның оны түсінудің үлкен проблемалар бар. Заңға қарағанда адамдардың менталитеті айтарлықтай баяу өзгереді. Осының өзі заңнамалық өзгерістер мен азаматтардың іс-қимылдарының өзгерісін үйлеуіру проблемасын білдіреді. Егер заң баяу өзгеретін болса, онда қоғам өкілдері қанағатсыздық танытуы мүмкін, өйткені, әрекет ете алмай қалады. Ал егер өзгерістер жылдам жүріп жатса, адамдар заңның мәнін түсінбейді және заң жұмыс істемейді.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі әрқайсысының өз міндеті шешіліп отыратын кезең-кезеңнен жүзеге асатынын халықаралық тәжірибе көрсетіп отыр. Әр кезеңнің уақытғы қоғамның болып жатқан өзгерістердің мәнін түсініп, оған бейімделуіне жеткілікті болуы тиіс. Ер елдің жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі жергілікті әрекетшілер ескеріле отырып, жүргізілген көптеген реформалардың нәтижесі болып табылады, сондықтан тіпті ең үздік деген шетелдік тәжірибені өзі Қазақстанның жағдайына оң-оңай көшіруге келмейді.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту процесі заңнамалық базаны өзгертуді ғана емес, сол сияқты жергілікті қоғамдастықтың азаматтық белсенділігінің өсуін болжайды. Алайда, жергілікті қоғамдастық жиналыстары мен олармен жұмыс істейтін ауыл әкімдері аппараттарының мамандары үшін ұйымдастырылатын семинарлардың нәтижесі халықтық белсенділігі төмен деңгейде қалып отырғанын көрсетіп отыр. Пассивтілік бүгінгі азаматтық институттардың – жергілікті қоғамдастық жиналыстарының, бюджет қаражатының шығыстарына жүргізілетін мониторингтің, жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңестері жұмысының тиімсіздігіне өкеледі.

Қолданыстағы заңнама шеңберінде ауыл өкімі жергілікті деңгейдегі мәселелердің шешімі туралы есеп беруге, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасын даярлап, бекітуге ұсынуға, олар қабылдайтын шешімдерді түсіндіруге міндетті.

Жергілікті қоғамдастықтың жиыны жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылардың құрамын, басым міндеттерін және оларды іске асыру мерзімдерін айқындайды, сондай-ақ, аудан мәслихатына жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы.

Жергілікті қоғамда

САЙЛАУ-2019

БҰҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР САЙЛАУШЫЛАРДЫ БІРІКТІРЕДІ

Айдың соңы президенттікке кандидаттардың бірқатары теледебатқа шығып, өз ұстанымдарына қатысты пікір таластырғанымен есте қалды. Сонымен бірге, өңір-өңірде сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары жалғасып, түрлі деңгейдегі бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Ақ жол» демократиялық партиясы ұсынған президенттікке кандидат Дания Еспаеваны қолдау мақсатында Алматы қаласында веложарыс өтті. Іс-шараны ұйымдастыруға «Бело-халық Алматы» велоқуымдастығы және №73 жасөспірімдер мен балаларға арналған спорт мектебі мұрындық болды. Жастар жылы аясында өткен жарыстың ашылуында «Ақ жол» партиясы Алматы қалалық филиалының басшысы Н.Жазылбеков президенттіктен үміткер Д.Еспаеваның сайлауалды тұғырнамасын жан-жақты таныстырды. Дода Эл-Фараби даңғылындағы Тұңғыш Президент паркінен басталып, Торайғыров-Каблуков-Тимирязев-Байтұрсынов-Шевченко-Қонаев-Гоголь көшелері арқылы өтіп, Мәдениет паркінде мәреге жетті. Діттеген жеріне желкен велошабандоздарды қала тұрғындары, партия белсенділері «Атамекен» өнім шырқап қарсы алды. Шара соңында филиал жетекшісі веложарыстың барлық қатысушыларын құттықтап, 2019 жылдың 9 маусымында өтетін сайлауға белсенді қатысуға шақырды.

Сонымен қатар үгіт-насихат жұмыстарының аясында саламатты өмір салтын насихаттауға арналған тағы бір жарыс өтті. Орал қаласында Д.Еспаеваның аймақтық қоғамдық штабы байдарка мен каноз есуден біріншілік ұйымдастырды. Іс-шараға кандидаттың сенім білдірген адамдары, партияның Батыс Қазақстан облысындағы белсенді жастары қатысты. Турнирде Түркістан, Алматы, Шымкент, Теміртау, Атырау, Орал қалаларынан, яғни Қазақстанның түлкі-түлкінен келген 120-дан аса спортшы бақ сынады. Жақсы нәтиже көрсеткен қатысушылардың барлығы диплом мен медальдар иеленді. Марапатау рәсімінде «Ақ жол» партиясы облыстық кеңесінің мүшесі, Батыс Қазақстан облысындағы байдарка мен каноз федерациясының президенті Ю.Казанин мен Орал қалалық мемлекеттік депутаты В.Власов жеңімпаздарды құттықтап, еліміздегі саяси науданың маңыздылығына тоқталды.

«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясынан президенттікке кандидат Төлеуатай Рахымбековтің Түркістан облыстық қоғамдық штабы поэзия көшін өткізді. Үгіт-насихат жұмыстарының аясында өткен байқауға аудан белсенділері, аққандар, термеші-әншілер – барлығы 148 адам қатысты. Іс-шара қаламгерлерді ауылдың рухани өмірін, әлеуметтік-экономикалық үдерістерді суреттеуге ынталандыру мақсатында ұйымдастырылды. Кеш барысында сайлауға қатысушы, дүрсіл таңдау жасаудың маңызы сөз болып, кандидат туралы жиналған қауым кеңінен мағлұмат берілді, сайлауалды бағдарламасы таныстырылды. Ал, конкурстың қазылар алқасының құрамын облыстық сайлауалды штаб жетекшісі Е.Дуанев, №17 Атаұрты атындағы мектеп-гимназияның мұғалімі Д.Айтилова мен ақын С.Жоланов толықтырды. Байқау қорытындысы бойынша 1-орынды Кентау қаласының тұрғыны Ж.Бекшорбаева иеленсе, 2-орын Отырар ауданынан келген

мыс берушілердің жауапкершілігін арттыру мәселелері көп талқыланды. Сонымен қатар Қызылорда облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы төрайымы Р.Байназарова Жосалы

Ж.Шарханға бұйырды. Ал 3-орынға бәйдібектің А.Құлшылбек лайық деп танылды. Бұған қоса, Түркістан қаласынан «Ауылым өдемі» атты өлеңмен Д.Кейік «Үздік диплом» иегері атанды. Соңында ұйымдастырушылар ауылдың тыныс-тіршілігімен етене танысып, ауылдың ахуалын көтеруге атсалысып жүрген азамат, өзінің сайлауалды бағдарламасында да ауыл мәселесін ұмыт қалдырмаған Т.Рақымбековтің кандидатурасын қолдауға шақырды. Сонымен қатар Алматы облысында сайлауалды науқан шеңберінде концерт өтіп, оған жақын аудандардың тұрғындары шақырылды. Концерттік бағдарламада туған жер, ауыл туралы әндер көптеп шырқалды. Аққандар қауымы да қалыс қалмай, жырдан шауы шашты. «Ауыл» партиясының ардагері Б.Жетпісбаев, аймақтық қоғамдық штаб өкілдері Қ.Бекиев пен Қ.Исаева жиналғандарды 9 маусым күні өтетін сайлауға белсенді қатысуға үндеді.

Кәсіподақтар федерациясы атынан сайлауға түсіп жатқан кандидат Амангелді Таспиховтың Қызылорда облысындағы қоғамдық штабы қарқынды жұмыс жүргізіп жатыр. Кандидаттың сенім білдірілген адамдары Арал аудандық аурухана ұжымына барып, сайлауалды тұғырнаманы егжей-тегжейлі таныстырды. Бағдарламадағы медицина саласы қызметкерлерінің еңбекқандығы, сапалы тегін білім алу, қажетті мамандар даярлау мәселелері еңбек ұжымының ерекше қолдауына ие болды. Аурухана ұжымы әрбір маманның әлеуметтік мүдделерінің қорғалуы, салада маман тәпшілығынің жоюы еңбек өнімділігін арттырып, халыққа сапалы қызмет көрсетуге оң әсерін тигізеді дейді.

А.Таспиховтың сенім білдірген адамы Қ.Бекенов Қазалы ауданындағы №70 мектепте Өйтеке би кентінің тұрғындарына кандидаттың негізгі ұстанымдарын түсіндірді. Жыны барысында сайлаушылардың сұрақтарына да жауап беріп, қоғамның өзекті мәселелері туралы пікірлерін ортаға салды. Әсіресе жұмыссыздық, жастардың тегін білім алуы, жұқпайталамай, заман талабына сай әрекет етіп жатқанын баяндады. Ол партия халықтың сенімі мен құрметіне ие болып отырғанын атап өтіп, саяси құрылым тұрмысы төмен адамдардың жағдайын жақсарту жолында қызмет етіп, еңбек адамның құқығын қорғайтынын айтты. Бүгінгі таңда партия Парламент Мәжілісінде қарапайым халықтың мүддесін қорғап, билік пен халық арасына алтын көпір болып отыр. А.Зевахин партияның сайлауалды тұғырнамасы кедейлікпен күреске, сонымен қатар, батыс-шығыс жалған құндылықтарынан бас тартуға үндейтін жеткізді.

«Nur Otan» партиясынан президенттікке кандидат Қасым-Жомарт Тоқаевтың республикалық қоғамдық штабы жер жөнаты Жетісу өңіріне барды. Алғашқы кездесу Талдықорған қаласындағы Бижен Римова атындағы драма театрында бюджет саласы қызметкерлерінің қатысуымен өтті. Жыныға 500-ге жуық адам қатысты. Делегация құрамында Сенат депутаты Б.Жұмағұлов, М.Құл-Мұхаммед, Мәжіліс депутаты, «Nur Otan» партиясы партиялық бақылау комитетінің төрағасы Қ.Сұлтанов, театр және кино актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ә.Ахметов болды. Насихатшылар тобы жиналғандарға кандидаттың сайлауалды бағдарламасындағы басымдықтардың барлығы халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталғанын жеткізді.

Кандидаттың республикалық штабының жетекшісі Мәулен Әшімбаев сабақтастық, әділдік, өрлеу қағидалары туралы толыққанды ақпарат берді. «Қ.Тоқаев Елбасының стратегиялық бастамаларының барлығын әрі қарай жүргізуді негізгі мақсаты етіп отыр. Бағдарламада айтылған сабақтастық қағидасы осыған саяды. Барша қазақстандықтардың заң алдындағы теңдігі, әркімнің лайықты жұмысы және еңбегіне сай адал жалақысы болуы – әділдік қағидасының негізі. Ал өрлеу қағидасында әрбір қазақстандықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған маңызды мәселелердің барлығы қамтылған», деді штаб жетекшісі.

Сондай-ақ, ол сайлауалды бағдарламада көрсетілген тұрғындардың баспа мәселесін шешуге қатысты басымдыққа ерекше тоқталды. 650 мың отбасын баспанаман қамтамасыз ету, көп балалы отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі және басқа да мұқтаж жандарға арнап 40 мыңнан астам жалға берілетін пәтер салу көзделгенін жеткізді. Бұл бастамалар өз кезегінде талдықорғандық тұрғындар тарапынан қызу қолдау тапты.

«Ұлт тағдыры» ұлттық-патриоттық қоғамынан президенттікке кандидат болып тіркелген Әміржан Қосановтың Қостанай қаласындағы облыстық сайлауалды штабында сайлау күні үлескерлерде дауыс беру процесін қадағалайтын бақылаушылар үшін семинар өтті. Іс-шараның модераторы және тренері Дос Көшім болды. Ол бақылаушылардың құқықтары мен міндеттері, сайлау кезінде орын алуы ықтимал түрлі жағдайлардағы әрекеттері жайлы түсіндірді. Қатысушылар қызығушылық танытқан тақырыптарын көтеріп, барлық өзекті сұрақтарына жауап алды. Белгілі саясаттанушы еліміз бойынша өзінің семинарларын өткізуді жалғастырып

жатыр. Д.Көшім бастаған топтың келесі жиыны Қарағанды облысының орталығында және аудандарында өтті. Болашақ байқаушылар еліміздің барлық өңірінде шынайы қызығушылық танытуда.

Ал кандидат Ә.Қосановтың өзі үгіт-насихат жұмыстарының аясында әлеуметтік желілердің әлеуетін тиімді пайдаланып жатыр. Ол Facebook, Instagram, YouTube желілерінде тікелей эфирге шығып, өз ұстанымдарын кеңінен түсіндірді және көрсетімдердің сұрақтарына жауап берді. Оның ішінде жақында өткен теледебат жөніндегі ойын айтып берді. Сондай-ақ, Ә.Қосанов өз сөзінде көзқарастары шағын және орта бизнес өкілдері тарапынан қолдау тауып жатқанын айтып, бағдарламасындағы «Бақуатты аймақтар – бақуатты мемлекет» бағытына тоқталды. Онда «Басым бағытта даму, өмір сүру деңгейінің жақсаруы, рухани өркендеу бірі-екілі ірі қаланың ғана өншісінде болмауы тиіс. Елдің барлық аймағын тиісінше тең қаржыландыру, олардың дамуына жағдай жасау, даму деңгейіндегі ашықталу біріндеп жою керек. Шынайы белсенді әрі тең құқықты жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және ауыл аудан, қала өнімдерін халықтың тікелей сайлауына көшу қажет» деп жазылған.

«Ұлы дала қырандары» республикалық қоғамынан президенттікке кандидат Сәдібек Түгел Ақмола облысы Целиноград ауданы Қабанбай батыр ауылындағы №41 мектепте ауыл тұрғындарымен кездесті.

«Бұл ауыл маған өте ыстық. Мұнда Қабанбай батыр кесенесін салуға, ауылдың атын беруге қатысты көптеген істің істің басы-қасында жүрмін. Бүгін барлығыңыз жиналып отырсыздар. Ауылдағы он мыңға жуық тұрғынның барлығымен кездесе алмасам та, сіздер арқылы менің сайлауалды бағдарламаның негізгі бағыттары жетеді деп сенемін. Алдымен, осы кездесуге қатысып отырған ұстаздар, болашағымыздың тұтқасы саналатын жас ұрпақ тәрбиесі сіздердің қолдарыңызда. Менің бағдарламамның өзегі – тіл діл, жер және ар-намыс мәселесі. Бұл төрт тұғырды бір-бірінен бөліп қарауа болмайды. Ана тіліміздің мәртебесін биікдету үшін әр кездесуімді мемлекеттік тілде жүргізіп келемін. Сайлауалды бағдарламамның ең басында да осы мәселе басты орында тұр», – деді С.Түгел.

Сонымен қатар, кандидат жас отбасылардың әлеуметтік жағдайын көтеруге, ауылды көркейтуге, жұмыссыздықтың болдырмауға қатысты бағдарламасында атап көрсетілген міндеттерге тоқталды. Бұған қоса, сенім білдірілген адамдар Б.Үмбетова, Б.Мұхамедрахимова, К.Молдахметова сөз сөйлеп, «Ұлы дала қырандары» еліміз бойынша ұлттық құндылықтар мен ұлттық спорт түрлерін насихаттап отырған ұйым екендігін, халықаралық спорт бәсекелерінде ел намысын қорғап, қазақтың атын әлемге танытқан ұлттық ат спорты түрлерінің бастауында ұлт жанашыры С.Түгелдің тұрғандығын жеткізді.

Кездесуден соң насихатшылар тобы Қабанбай батыр кесенесінде және оның жаңында орналасқан пантеонда болып, ел қорғаған батыр мен тәуелсіздіктің тұғырын биіктетуге атсалысқан тұлғаларға дұға бағыштады. Белгілі саясаттанушы еліміз бойынша өзінің семинарларын өткізуді жалғастырып

«Egemen Qazaqstan»

МЕНІҢ ТАҢДАУЫМ – МЕНІҢ БОЛАШАҒЫМ!

Біз, қазақ халқы – құндыз берік, қаптал шапаң кебенек көнеп, шегрен мөсі киіп, алтынмен зерлеген қайсы белдік байлаған беліне болат наркескен тағынған баһадүр ханды үш рет ақ киізге отырғызып, хан көтерген қара қылды қақ жарған әділет жолынан таймаған ұлы мұратты, асқақ арманды, ер жүректі, биік болмысты жасампаз бабалардың ұрпағымыз. Арда бабалардың кәстерлі қанымен, айбынды ханымен келген тәуелсіздігімізді қызғыштай қору – басты парызымыз. Қай дәуірде де ел тағдыры, жер тағдыры бас тізгінді бекем ұстаған көреген басшының арқасында биікке өрлеген. Сол себепті дана халқымыз көш басын, билік тізгінін, ұлт тағдырын көрінген көк аттыға емес, білгір де білікті басынға тапсырған.

9 маусымда ел тағдыры үшін ерекше маңызды оқиға – көзектен тыс президент сайлауы белгіленген болатын. Санаулы күннен соң осынау ел тағдыры айқындалар ерек шешімнің күөсі болғалы отырма. Қазақстан Республикасы президентігіне үміткерлер саны – жетіу. Саяси партиялар атынан – Қасым-Жомарт Тоқаев, Жамбыл Ахметбеков, Дания Еспаева, Төлеуатай Рахымбеков, ал қоғамдық бірлестіктер атынан – Садыбек Түгел, Амангелді Таспихов, Әміржан Қосанов ұсынылып отыр. Қазақстан Республикасының көмелеттік жасқа толған әрбір азаматы өз үміткеріне дауыс беріп, жаңа басшыны таңдауға құқылы. Қазіргі таңда ҚР президентігіне барлық үміткерлердің ұсыныс-жобалары толықтай халыққа танытырылды. Енді қадам – таңдау жасау.

Президент сайлауы күнде болып жатқан көп шаруаның бірі емес, ол – ел тағдырын айқындалар күрделі мәселе. Осынау өзекті тақырып жөнінде президент сайлауына алғаш рет қатысқалы отырған жастардан сұхбат алып, ойларын бөліккенді жөн көрдік.

Алтынбек БЕКАХМЕТ,
Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің студенті:
– Мен – Қызылорда өңіріндегі тұрмысымыз. Сонау Сыр даласынан заңғар Ұлытауы бар, арда көңіл, кен пейіл тұрғындарың қаласы, мысты қала Жезқазған білім іздеп, арман құлып келген өзім. Қазір Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде, тау-кен ісі мамандығы бойынша III курста білім алып жатырмын. Менің жасым 18-ге. Астанамыз, қазақ халқының мақтаншы Нұр-Сұлтан қаласының құрдасымын. Мен 9 маусымда өтетін президент сайлауына барамын дауыс беремін. Бұл менің бірінші рет сайлауға қатысып, дауыс беруім болмақ. Ел тағдырына

қатысты шаруада мен азамат ретінде бейжай қала алмаймын. Президенттік сайлауға оң көзқараспен қараймын. Қазір халық арасында кандидаттар қызу талқыға түсуде. Кім жеңсе де, қазақ халқының тізгінін иманды, ақылды азаматтың ұстағанын қалаймын. Жаңа президентті сайлауда жастар мүддесін ескеріп, жарқын болашақты қамтамасыз етер үміткерге дауыс бергенді жөн санаймын. Сол себепті де мен 9 маусым күні достарымды ертіп өз президентімді таңдауға бұлармын.

Айбек СЕЙТЖАНОВ,
№13 мектептің 11-сынып оқушысы:
– Мен шыншымды айтсам, бастапқыда президент сайлауына соншалықты ынта қойып, назар аударған жоқпын. Маған қарап қалған жоқ, сайлауға бармаймын деген ой да болды. Бұған менің биыл алдағы үлкен сынаққа дайындалуым да себеп болған шығар. Президент сайлауы күрмеуі көп, күрделі де қиын мәселе екендігін білемін. Мен сайлау жайында көбіне әлеуметтік желілерден құлағдармын. Бүгінде көмелет жасқа толып үлгермеген сыныптстарым мен достарым менің сайлауға қатысып, өз таңдауымды жасай алатынымға қызыға қарайды. Ұстаздар мен ата-анам да сайлауға қатысу өр қазақстандықтың міндеті деген ақылына тоқтап, сайлауға қатысамын деп бел будым. Менің дауысым маңызды екенін ұқтым. Еліміздің тасын өрге домалатар мемлекет басшысын таңдауда өр тұрғын белсенділік танытуы керек. Сондықтан мен Қазақстан Республикасының азаматы ретінде президент сайлауына қатысып, өз таңдауымды жасай алатынымды, тарихқа айнарла тағылымды сәтті күөсі болатынымды мақтан етемін.

Дайындаған: Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Имашевтың басшылығымен комиссия отырысы өтті. Жыныда «2019 жылғы 9 маусымға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің көзектен тыс сайлауына халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттердің байқаушыларын аккредиттеу туралы» ОСК мүшесі Зауреш Баймолдина баяндама жасады.

МЫҢНАН АСТАМ БАЙҚАУШЫ ТІРКЕЛДІ

Оның айтуынша, 2019 жылғы 3 маусымда Орталық сайлау комиссиясына Сыртқы істер министрлігінен, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығынан байқаушылар миссиясының 11 байқаушысы және ЕҚЫҰ/ДИК/АБ миссиясының 2 байқаушысы аккредиттеуге ұсыныс түскен.

Сонымен қатар, 7 шет мемлекеттен: Ұлыбритания, Қытай, Үндістан, Палестина, Ресей Федерациясы, АҚШ, Грузиядан 33 байқаушы ұсынылған көрінеді. Олардың ішінде Үндістан мен Ресей Федерациясының орталық сайлау органдары өкілдері бар екендігін атап көрсеткен жөн. Осылайша аталған отырыста 46 байқаушының барлығы аккредиттеуге шығарылды.

Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларын аккредиттеу 2019 жылғы 12 сәуірде басталды және аккредиттеуді Орталық сайлау комиссиясы кеше 3 маусымда сағат 18.00-де аяқтады.

Халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттердің байқаушыларын аккредиттеу мәселесі ОСК-ның 6 отырысында қаралды. Осылайша, Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын байқау үшін 1013 байқаушы аккредиттелді. Оның ішінде 866 байқаушы 9 халықаралық ұйымнан және 147 байқаушы 41 шет мемлекеттен.

«Байқаушылардың жалпы санының 43-і шет мемлекеттердің орталық сайлау органдарының өкілдері болып табылады. Сонымен қатар, байқаушыларды жіберген

мемлекеттер 4 құрлықтан: Еуропа, Азия, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америкадан ұсынылып отыр», деп аяқтады сөзін З. Баймолдина.

Сонымен қатар, Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидаттардың штабтарынан кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеуі үшін мемлекет бөлген республикалық бюджет қаражатын пайдалануға қатысты мәселе бойынша да хабардар өтті.

Бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеу үшін кандидаттарға қаражат бөлу көлемдерін регламенттейтін Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 25 тамыздағы №12/2020 қаулысының 5-тармағына сәйкес мемлекет кандидаттарға өз бағдарламаларын бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеу үшін қаражат бөлудің тең көлемдеріне келіпді береді. Мәселен, теледидарда (тікелей эфирде немесе жазбада) – 15 минут, радиода – 10 минут және мерзімді баспа басшыларында немесе желілік басшыларда жариялау үшін екі мақала 0,1 баспа парактан аспауы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген жария өту көлемдерін қоспағанда, тарпаңтар өздері жасаққан шарттар талаптарында өркін екенін ескере отырып, теледидарда (тікелей эфирде немесе жазбада) сөз сөйлеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге кандидаттардың сөз сөйлеуін шығару және теледидарда трансляциялау жөніндегі шығыстар енгізілуі мүмкін.

АНАЛАР КӘСІП ІГЕРДІ

Іскер әйелдер қауымдастығының Жезқазғандағы өкілдігінің бастамасымен қолға алынған көп балалы аналарды қолдау шарасы аясында «Аналар үйі» бір айлық оқыту курсын ұйымдастырды. Курсқа қатысқан сегіз ана тігіншіліктің қыры мен сырғына қанығып, әмбебап тігінші сертификатын иеленді.

Сертификат табыстау рәсіміне іскер әйелдер қауымдастығының Жезқазғандағы өкілдігін төрайымы Айман Исина қатысып, аналарға сәттілік тіледі.

Бүгінде көп балалы аналарға қатысты қордаланған мәселелер бар. Оны шешу жолында Үкімет те аянып қалмауда. Жер-жерде жеке кәсіпкерлер де көп балалы аналардың өмір сүру сапасын арттыруға үлес қосып жатқаны белгілі. Біздің қауымдастық жұмысыз әйелдерді оқытатын, болашақта өз ісін ашуға мүмкіндік беретін «фрилансер» мектебі аналар іске қосты. Бүгінде жезқазған-дық жобаның аспазы, шаштараз, тырнақ өрлеу маманы, тігінші сынды мамандықтарды игере алады. Міне, бүгін «Аналар үйінің» ұйыстырушы Гүлмира Пирекенованың жетекшілігімен тігінші атандыңыздар, – деді Айман Байбоқызы.

Естеріңізге сала кетсек, осыдан үш жыл бұрын өз жұмысын бастаған жезқазғандық «Аналар үйінде» тағдыр төлкегіне түскен жас

аналарды еңбекке баулу мақсатында тігін цехы ашылған болатын. Бүгінде аналар үйін мекен еткен келіншектердің түгел дерлік қолынан іс келетін ісмерге айналды. Елімізде алғаш рет 2014 жылы қолға алынған «Аналар үйі» әлеуметтік жобасының негізгі мақсаты – жетімдіктің алдын алып, жаңындарынан қолдау таппай, тығырыққа тірелген жалғызбасты жас аналарды қолдау. Оның бастамашысы – белгілі меценат Айдін Рахымбаев. Ақ мысты өлкеде аналар үйінің ашылуына жеке кәсіпкер Нұрлан Смағұлов қолдау білдіргенін айта өткен жөн болар. Осы жобаны жүзеге асыру арқылы елімізде жетімдер санын азайту көзделіп отыр. Үш жылдың өзінде жезқазғандық «Аналар үйі» 82 сабыд анасыз жапақ қауіптен аман алып қалса, еліміз бойынша бұл сан 4 мыңға жуықтаған.

Сертификатқа ие болған аналардың бірі Ильдана: – Көп балалы аналардың басым көпшілігі жұмысыз. Өйткені, күнделікті үйдің тірлігі



мен балалардың тәрбиесі жұмысқа шығуға мүмкіндік бермейді. Тіпті, кейбір аналардың арнайы білімдері де жоқ. Сондықтан, осындай оқыту жобалары өте қажет, – деп ағынан жарылып, курс ұйымдастырушыларына алғысын айтып, алдағы күні жеке кәсіпкерлік ашуға ниетті екенін жеткізді. Сондай-ақ, сертификат алған аналардың бәрі «Еңбек» нәтижелі жұмысын қамтуы және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде өз ісін дамытуға мүмкіндік. Қазір аналар мемлекет тарапынан грант, төмендетілген пайызбен несиені алуға құжаттары жинастыру үстінде.

Мамандық ісін атанған аналардың болашаққа құрған жошарлары зор. Бірі үй жағдайында сәнді киімдер тігуге бекінен, екіншісі қазақтың қолөнерін дамытуға мақсат еткен. Ендіше, аналардың қарым-қабілетін ашып, нәпақа табудың жолын сілтегендерге алғыс айта отырып, жас кәсіпкерлер қатарын толықтыратын көп балалы аналардың ісіне берекелі тілейік.

Бота ШАЛҚАР
Суретті түсірген
Гәлиә ДІАҒАПАРОВА

ТАҒЫМ

НӘУБЕТ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛДЫ

Қазақ халқының басынан небір зұлмат өткені тарих беттерінен белгілі. Дегенмен, өткен ғасырдың 30-жылдарындағы нәубеттің қасіреті күні бүгінге дейін ұмытылар емес. Миллиондаған тағдырды талқандаған аштық пен саяси қуғын-сүргін жарасының жазылмауы да заңдылық. Енді мұндай зұлмат жылдар қайталанбасын деген тілекпен жазықсыз жандардың рухын еске алып, ардақ тұту – бүгінгі және келер ұрпаққа жүктелетін міндет. Осы асыл міндетті орындау мақсатында 31 мамыр ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып белгіленген. Жезқазған тұрғындары да жылдағы дәстүрінден жаңылмай тоталитаризм құрбандарына арналған ескерткіш алаңына жиналды.



Елге адал қызмет етіп, өнегелі істерімен соңында өшпес із қалдырған қайраткерлеріміздің, жазықсыз жапа шеккен қандастарымыздың есімдерін, өнегелі өмір жолын насихаттап, тұрғындардың отансүйіштік сөздерін арттыру мен тарихты терең меңгертуді мақсат еткен тағзым ету шарасына жастардың көптеп қатысқаны қуантты. Қаралы митингті бастап берген жас өртістер кеңестік билікке тіл тигізді деген айыппен Қарлағқа қамалған боздақтардың тас қамауда көрген азаптары мен кемсітушіліктерді жиналғандардың көз алдынан өткізді. Жүректерді сыздапқан сахналық қойылым көптің жанарын жасқа, алқымын өксікке толтырмай қоймады.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу арналарын шараның алғашқы сөзін алған Жезқазған қаласының әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова:

— Халқымыздың тарихында мерейі тасыған мәртебелі дәурлермен қатар, «тар жол тайғақ кешкен» қасіретті кезеңдердің де аз болмағаны ашы да болса, тарихи шындық. Миллиондаған өмірді қиған ашаршылық қасіреттің артына басталған жаппай саяси қуғын-сүргін жылдары да миллиондаған адамға қайғы-қасірет әкелді. Сіз бен біздің ендігі парызымыз – бүгінге жетіп отырған құндылықтарымызды бағалай білу, оған жету жолында құрбан болған боздақтардың ерлігін ұмытпау», – деп, тоталитарлық озбыр саясат жүргізген қудалаудың салдарынан қазақтың зиялылары түрмеге қамалып, артына ату жазасына кесілген тілге тиек етті. Мінберге көтерілген Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайдың және археология бөлімінің жетекшісі, тарихшы Фабыл Әуезов сол зұлмат заманда жазықсыз төгілген қан мен үзілген ғұмырлар жайындағы статистикалық мәліметтер келтіріп, қазақ халқының трагедиясына айналған ашаршылық пен қуғын-сүргін, ұжымдастыру өзге елдің тарихында болмаған оқиғалар

Диана ОРАЗАЛИНА

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚАЛА КӨРКЕЙЕ ТҮСПЕК

Жезқазғанның жылдан-жылға көркейіп, жаңарып жатқанын жоққа шығара алмаспыз. Жаз келісімен абаттандыру жұмыстары қарқын алып, қыза түсетіні белгілі. Биыл да қала көркін кіргізер жөндеу және санитарлық тазалау, көгалдандыру бойынша бірқатар ауқымды шаруалар жоспарланған. Тіпті, қалаға өзгеше реңк беретін жөндеу жұмыстары басталып та кетті.



Қалалық тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысы аясында «Шапағат» ЖК Ғарышкерлер бульварындағы 7, 38, I.Есенберлин көшесі 11,19 және Байқоңыр көшесіндегі 112-үйлердің маңындағы баспалдақ алаңдарын жөндеуге кіріскен. Әбден тозғып жетіп, мүжілген баспалдақтардың ағымдағы жөндеуіне қала бюджетінен 5 млн 357 мың теңге бөлінген. Жөндеу жұмыстары шілде айында аяқталады деп жоспарлануда.

Жалпы өткізілген жылы мысты өлкені көгалдандыру мен абаттандыруға 670 млн теңге көлемінде қаржы қарастырылған. Жоспар бойынша «Наурыз» саябағының суурқағы жөнделіп, бес биодедет-хана орнатылмақ. Сонымен қатар, «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «Сарыағаш» корпоративтік қорының жұмыскерлері қала көшелеріне 130 мыңнан аса гүл отырғызуға кірісті. Ғарышкерлер бақо-лында 4500 дана қараған бұталары егілді. Мердігер компанияның кеш анықталына байланысты қызда тағы 3050 дана үйеңкі, терек, қарағай мен шегірін талы отырғызылады. Кеңір су қоймасының жағалауын жасылдандыруға өз мойнына алған «Қазақмыс» корпорациясының 4 мыңнан аса желек егіп, оны күтіп баптауға жұмылдырылғанын да айтып өтпекке болмас. Ауаны ластандыратын қорғап қана қоймай, тұрғындарға сая болар ағаш-талдарды күтті де коммуналдық сала қызметінің назарынан тыс қалмайды. Биыл 427 га аумақты алатын жасыл желектерді құрт-құмырсқалардан жалпысыздан-

дыру жұмыстарына 5 млн теңгеде бөлінген «Дезинфекция-К» өндірістік кооперативіне қарасты екі жұмыс тобы ағаштарды химиялық өңдеуден өткізуде. Жезқазғандықтардың сүйікті демалыс орнына айналған жағалау мен саябақтарды зарарсыздандыру жұмыстарына 800 мың теңге бөлінген. Бүгінде «Теолотон» ЖШС қызметкерлері жағалауды шыбын-шіркейден тазартып үлгерді.

Қала тазалығының ақсауына себеп ретінде тұрғындар көбінесе қоқыс жәшіктерінің аздығын алға тартады. Биыл аталмыш мәселе де өз шешімін тапқан көрінеді. «Мусин» жеке кәсіпкерлігі М.Жәлел, I.Есенберлин мен С.Сейфуллин, Некрасов пен Абай көшелеріне барлығы 400 қоқыс жәшігін орнатқан. Енді қала көшелерінің көркін қашыратын бей-берекет тасталатын қоқыс азаяр деген үміт бар.

Ұры-қары қоймайтын көріз құдықтарының қақпақтарын да са-тып алуға қомақты қаржы жоспарланған. Оған 200 дана шойын және 50 дана пластик қақпақ алынады. Сонымен қатар, қала көшелеріндегі қауіпсіздікті арттыру мен қоқыс бұзушылықтардың санын азайту мақсатында 105 бейне бақылау камераларын орнату жұмыстары басталды. Қазірдің өзінде 86 бейне бақылау камерасы жұмыс істеп тұр. Момышұлы, Пушкин мен Расков көшелері тұрғындарының тілегі орындалып, жолдары толық асфальтта-

латын болды. 3,6 шағын аудандары мен Талап, Кеңір селосындағы аула-мәшкіт жолдарды ағымдағы жөндеуден өткізу де өз жалғасын табады. Еліміздің газдандыру жобасына іліккен Жезқазған қаласында газ желіп-тарату желісінің құрылысын жүргізетін мердігер компанияны анықтау мақсатында жарияланған конкурс 10 шілдеде аяқталады. Бұл өз кезегінде тұрғындардың көгілдір отынның игілігіне қолжеткізер күні жақындағанын білдірсе керек.

Қала тұрғындары жеткізер тағы бір сүйінші хабары 2019 жылы жылу желісінің құбырларын қайта жөндеу жұмыстары басталады. 61 пайызы тозған жылу құбырларын ауыстыру жұмыстары үш кезеңнен тұрып, 2020 жылы толық аяқталады деп күтілуде. Қазір мердігер компания «АстанаИнжКомСтрой» ЖШС бірінші кезектегі 3-9 жылу магистралінің құбырларын ауыстырады. Құбырлардың жаңаруы біріншіден жылу сұдының сапасына әсер етсе, кішіден жылу маусымы кезінде авариялық жағдайлар азаяры сөзсіз.

Жоғарыда аталған жөндеу жұмыстарын мердігерлер сапалы орындап, қала тұрғындары туган жердің әр тасына қамқорлықпен қарайтын болса, Жезқазған шырайына шырай қосып, көркейері анық. Бастысы, қай тарпаптан болмасын жанашырлық керек.

Диана ОРАЗАЛИНА

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР – ҰРПАҚ ЖАДЫНДА

Жезқазған бизнес және көлік колледжінің жанынан ашылған қоғамдық келісім кеңесінің мәжіліс залында саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орайластырылған «Саяси қуғын-сүргін тарихының қатал сабақтары» атты кездесу өтті.



Надежда Дисикенова болса, қазақты қырған ашаршылық жылдарының қорқынышты статистикасымен бөлісті.

— Миллиондаған қазақты жұтқан отызыншы жылдарды өшкім, ешқандай ұмытпауы тиіс. 1921-1922 жылдардағы аштық кезінде 1 млн 700 мың адам қаза тапты деген дерек бар. Ал, 1932-1933 жылдары 2 млн 200 мың ашаршылықтан көз жұмған. 1920-1930 жылдар аралығында аштықтан, көмекселеуден қуғын-сүргіннен қазақтың 4 млн-ға жуық адамынан айырылды, – деген тарихшының деректерінен есеңгіреген дөңгелек үстел басында жиналғандар кеңестік режимнің қолдан жасалған саясатының құрбаны болғандарды бір минут үн-

Бота ШАЛҚАР

сідікпен еске алды. Қалалық аналар кеңесінің белді мүшесі Шүкір апа қуғын-сүргінге ұшыраған әкесінің өмір жолынан сыр шертіп, өнегелі өңгімесін еске алса, «Ақ ежелер» ансамблі мен «Жезқазған маржандары» хор ұжымдары кездесуге келгендердің көңілін сергілдітті. Аштық пен қуғын-сүргін жылдарының желісі бойынша түсірілген деректі фильмді тамашалаған басқосу қатысушыларына шөлпек таратылды.

Өлі күнге дейін ұрпақтың жадында жаңғырып тұрған зұлмат жылдарды жарасымды жазылмайтын айтқан көпшілік болашақта әлем халқы мұндай зобалаңның күюгері болмаса деген жалғыз тілекпен тарқасты.

Кейінгі жылдарда Жезқазған қаласында абаттандыру бойынша айтарлықтай ауқымды жұмыстар атқарылуда. Соның бірі ретінде қазір өз мәресіне жетуге жақындаған «Жастар» саябағын қайта жаңғырту жобасын айтуға болады. Саябақты абаттандырып, жаңарту жөніндегі шаралар 2017 жылы қолға алынған еді. Белгіленген жұмыстар биылғы жазда толық аяқталып, саябақ қала тұрғындарының қолайлы демалыс орнына айналады.

«ЖАСТАР» САЯБАҒЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Үш жылға арналған бұл ауқымды жобаға 292,2 млн теңге қаржы бөлініп, бас мердігер ұйым ретінде «Құрылыс» ЖК іске кіріскен болатын. Алғашқы жылы облыстық бюджеттен бөлін-

ген 100 млн теңге қаржыны ойдағыдай игерген мердігер 1,6 шақырым суару жүйесін, 3 шақырым электр желісін тартып, 1600 кума метр қоршау орнатты, табанжолды біраз бөлігіне төсемтастар төседі. Жоспарлы істер өткен жылы жалғасын тауып, 170 млн теңгенің жұмыс көлемі атқарылды. Биыл енді жобаның қалған бөліктері тиянақталу үстінде. Саябақтағы қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізіп жатқан «Құрылыс» жеке кәсіпорнының шебері Еркін Ағыбаев бүгінге дейін атқарылған жұмыстарды көрсете келіп, алдағы шілде айында жобаланған істің толық аяқталатынын мәлімдеді.

— Бүгінде саябақ ішінде балалардың ойын алаңы толық жабдықталып, дайын тұр. Баскетбол шағын футбол алаңдары, көше жағдайындағы тренажер, иога және аэробика алаңшалары жасалып, түйе, қойлар, арыстан тасбақа, саңырауқұлақ мүсіндері орнатылды. Пирамида, роллердром, скейтпарк және тасқа өрмелейтін орындар да дайын деуге болады. Сондай-ақ, 116 орындағы қоқыс жәшіктерімен бірге қойылып, 112 электр бағаналары орнатылды. Қазір жарықтандыруға қатысты жұмыстар толықтай аяқталды. Барлығы 13 мың шаршы метрдегі астам аумаққа төсемтастар төселуге тиіс болатын. Бұл іс те тиянақталуға



жақындап, енді 300 шаршы метрдей жерге төсеу жұмысы ғана қалды. Субұрпақты іске қосу, «Жүрегімдесің Жезқазған» деген жазуды орнату сияқты жұмыстармен шұғылданудамыз, — дейді құрылыс жұмыстарына тікелей басшылық жасап жүрген шебер.

Сонымен қатар, саябақтағы қураған ағаштар кесіліп, жаңа көшеттер отырғызу да қолға алыныпты. «Құрылыс» ЖК басшысы Марғұлан Молдашев өз атынан демеушілік жасап 300 түп ағаш еккен екен. Алайда, су жақын да ғана беріліп, жас ағаштар шөлден шамалы өлсіреңкіреп қалыпты. Біз барған күні құрылыс жұмысындағы жігіттердің біразы саябақтағы жасыл желекті суарумен айналысып жатты. Төндір ұтқан мекеме саябақ ішіндегі гүлзарларға гүл егіп, көріктендіріп қойыпты. Алдағы шілде

айында белгіленген жұмыстарды толық аяқтаған соң құрылысшылар саябақты қала игілігіне тапсырмақшы. Қалай дегенмен игілікті іс Жастар жылына жарастықты тарту болғалы отыр. Әртүрлі спорт алаңдары мен сөйлейтін жолдары бар саябақ жастардың сүйікті орнына айналары сөзсіз.

Алда екінші бір мәселе бар. Саябақты одан әрі күтіп ұстап, жасыл желегін баптау кімге жүктеледі? Соны білгіміз келген. Қала әкімдігінің тиісті бөлімдерінен сұрастырғанымызда бұл мәселенің өлі түбегейлі шешілмегені белгілі болды. Миллиондаған қаржы жұмсап, жаңғыртып жабдықтаған саябаққа жауапты мекеме болмаса дұрыс емес қой.

Аманды РАХУЛЫ Суреттері түсірген автор

«ЖАҢА ӨЛЕҢМЕН ЖҮЗДЕСУ» жобасы басталды

Жезқазған қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мемлекеттік-әлеуметтік тапсырысы аясында биыл үшінші рет «Жаңа өлеңмен жүздесу» жобасы қолға алынды. Биыл бұл жобаны «Шындық» қоғамдық бірлестігі жүзеге асыратын болады. Аталмыш жоба жаңа өлеңдердің жазылуына ықпал етуді және бұрын белгісіз болып келген талантты ақындардың есімдерін анықтауды басты мақсат санайды.



Жиналғандар алдында Ф.Ештанаев, А.Дастанов саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне байланысты зұлматты жылдардағы халқымыздың басына түскен нәубет туралы ой-толғаньстарымен бөлісті. Сол жылдары ұсталып, атылып кеткен ақындар Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау», «Тау ішінде» өндерін тамаша орындай білді. Жас ақындар өлең оқып, ойларын ортаға салды.

Жезқазған қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Гүлнұр Төлеуова «Жаңа өлеңмен жүздесу» жобасы аясында атқарылатын іс-шаралармен қысқаша таныстырып өтті. Жазушылар

одағының мүшесі, ақын, Жезқазған қалалық «Тілтану» орталығының директоры Фазиз Ештанаев жобаның өсіресе, жас талант көздерін ашуға үлкен мүмкіндік екеніне айрықша тоқталды.

— Осы жоба алғаш өткізілгенде имені басып өрең келген талантты іні-қарындастарымыз қазір алқалы мүшәйраларға қатысып, жүделі орындарды иеленіп жүр. Бұл – жобаның жемісі, – деді ол.

Алғашқы басқосуға қатысушылар ұлы Абайдың туған күні қарсаңында Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданының үлкенді-кішілі, көз келген тілек білдірген ақынын қатыстыра отырып, ауқымды поэзия кешін өткізу қажеттігіне келісті.

Сонымен «Шындық» «Жаңа өлеңмен жүздесу» жобасын бастады.

Қатысу сіден болсын, ақын дос! Абдолла НҰРТАУҰЛЫ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

Жезқазғанның қала мәртебесін алғанына 65 жыл толуына орай жыл басынан бері алуан түрлі шаралар қолға алынуда. Мерейтой қарсаңындағы айтарлықтай мерейлі істің бірі «Жезқазған» атты қазақша энциклопедиялық анықтамалық шығарылатын болды.



Энциклопедияға Жезқазған қаласының тарихы, экономикасы, мәдениеті мен өнері, басқа да салаларының даму жолы, мысты аймақтың айтулы тұлғалары мен ерекше оқиғалары туралы мақалалар енеді. Сондай-ақ, қала тарихы басталғаннан бұрынғы замандарда өмір сүрген, Ұлытау-Жезқазған өңірінің тарихына ортақ деп танылатын тарихи тұлғалар (хандар, батырлар, би-шешендер, ақындар, әнші-күйшілер, колөнер шеберлері) мен тарихи оқиғаларға да орын беріледі. Мақалалар мен деректер энциклопедиялық анықтамалық талабына келетін ұтпеге жазылып, алфавиттік тәртіптен беріледі. Энциклопедияның жауапты редакторы филология ғылымдарының кандидаты, «Тілтану» оқу-әді-

стемепік орталығының директоры Фазиз Ештанаев бастаған шығармашылық топ жасақталып, бұл күндері жұмысқа қызу кірісті. Энциклопедияға енетін тарихи-танымдық шолулар мен алфавиттік мақалалардың жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында энциклопедияның қолжазбасы толық дайын болған кезде С.Сейфуллин атындағы кітапхананың оқу залына қойылады. Бұл — кітапты баспаға жіберер алдында қала тұрғындарының танысып, пікір-

лерін білдіруге мүмкіндік беріледі. Осындай энциклопедиялық өңбек алғашқы рет қаланың 50 жылдығында жарық көрген болатын. Бұл жолғы шығарылымда бұрынғы деректер жаңартылып, толықтырылумен қатар, негізінен Жезқазғанның Тәуелсіздік жылдарындағы өрлеу кезеңі мен тыныс-тіршілігі қамтылады.

Нығыман РАХЫМ Суреттері түсірген Гәлия ӘБДІҒАППАРОВА

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

ЖАСТАР «САНАЛЫ ҰРПАҚ» ЖОБАСЫНА ҮН ҚОСТЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Саналы ұрпақ» республикалық жобасын іске асыру мақсатында өткен Жезқазған политехникалық колледжінде «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» тақырыбындағы дөңгелек үстелге оқушылар мен ұстаздар қауымы қатысты. Олардың алдында сөз алған қалалық мәслихаттың депутаты Хансейіт Бөлен, жастар ресурстық орталығының директоры Бақытжан Көлбаев пен Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі Арман Кенжебек білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың жолдарын көрсетті.



«Саналы ұрпақ» жобасы еліміздің болашағы саналатын жастардың арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мәдениетті қалыптастыруды және оларды жемқорлықсыз жарқын болашаққа жетелеуді мақсат етеді. Жоғарыда айтып өткеніміздей өскелең ұрпақ Тәуелсіз еліміздің өртені болғандықтан, олардың жемқорлық фактілеріне тезбейушілігін қалыптастыру өте маңызды. Сондай-ақ, соңғы жылдары парақорлық білім беру саласында да дөңдеп тұрғаны жасырын емес. Соңғы үш жылдың өзінде елімізде осы салада 687 жемқорлық дерек тіркелген. Жастарды өңімге тартқан Хансейіт Бөлен жемқорлық тұтастай алғанда қоғамға кері әсерін тигізіп, ел дамуын жетейтін фактор екенін тілге тиек етіп, жастар онымен күресе алса деген тілек білдірді. Пара алуды қатар, пара беру де заңмен қудаланатыны ескертілді.

Парақорлықпен бетпе-бет келген жағдайда жасалуы тиіс қадамдар да айтылды. Политехникалық колледж оқушыларының: «Парақорлықты түп тамырымен күртудің жолы бар ма?» деген сауал төңірегінде ой қозғалды. Дөңгелек үстел қатысушылары тамырын кенге жайған жемқорлықты жеңудің бір ғана жолы бүкіл қоғамның жұмыла күресуі мен белсенді атсалысуында деген тоқтамға келді. Бүгінде еліміздегі барлық оқу орындары «Саналы ұрпақ» жобасы шеңберінде жемқорлыққа мүлдем төзбейушілікті қалыптастыру мақсатында көшпенді шараларды бастап кеткен. Солардың бірі – адалдық дүкендері. Ақпан айында «адалдық дүкені» Жезқазған политехникалық колледжінде де өз жұмысын бастаған. Жас ұрпақтың бойында адалдық және өнегелілік сияқты асыл қасиеттерді тәрбиелеуге бағыт-

талған адалдық дүкендерінде сатушы жоқ. Сөрелерде бағасы жазулы тұрған оқуға қажетті қалам-дәптер сынды құрал-жабдықтарды оқушылар өз бетінше алып, тауар үшін төлегенің қаржыны сондағы кассаға салып кетеді. Айта кету керек бұл жаңашылдықты оқушылар жақсы қабылдап, қолдапты. Үш айдың ішінде сауда да жүріп, ешбір келенсіздік орын алмаған. Еліміздегі білім беру сапасы мен қолжетімділігіне қатысты мәселелер барша қазақстандықты толғандыру керек. Өйткені, біздің болашағымыз білім саласына тікелей байланысты. Сондықтан бұл салада парақорлық дерті келешегімізге балта шабады, – деген Арман Кенжебек қатысушыларды жемқорлық көріністеріне жоқ бермей, тосқауыл болуға шақырды.

Бота ШАЛҚАР

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

АШЫҚ САБАҚ ӨТТІ



Көп тіл білу – заман талабы. Әлемдегі дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін билік «үш тұғырлы тіл» саясатын қолға алып жатқаны белгілі. «Ана тілі – арың бұл ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп, ақын Қадір Мырза-Әли ағамыз айтқандай, әуелі өз ана тілімізді құрметтеп, оны ардақтап, айлап үйренейік те, өзге тілдің бәрін білуіміз барынша құлшыныс жасайық.

Осыған орай, «Тілтану» оқу-әдістесі-

мелік орталығы қазақ тілі курсын оқытушысы Ақгүл Ошағанова «Үш тұғырлы тіл» саясатын жүзеге асыру мақсатында Жезқазған тарихи-археологиялық музейі қызметкерлері мен Халықтар достығы мен мәдениеті үйінің тыңдаушылары арасында «Тіл – татулықтың тірегі» (интеллектуалды сайыс) тақырыбында ашық сабақ өткізді. Ашық сабақты тыңдаушылар «Жариялау» әдісі, яғни «Үш тілді білу – заман талабы» тақырыбында жарнама жасаумен бастады. Өздерінің үш тілде дайындап келген көріністерін көрсетті. Жалпы сабақ барысы бірнеше кезеңдерден құрылды. Атап айтсақ, «Мықты болсаң тауыл көр», «Сымыран сұрақтар» кезеңдерде тыңдаушылар өздерінің мықтылықтарын көрсетсе, «Жеті жұрттың тілін біл» кезеңінде екі топ тыңдаушылары мақал-мәтелдерді үш тілде, яғни, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде аударды.

Сабақ қорытындысы ретінде «Рефлексия» кезеңі, яғни тыңдаушылар сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, сандыққа салады. Сабақ қызықта да, тартымды өтті.

Өз тілшіміз

ТІЛ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы — ана тілі. Қазақстан Республикасының негізгі тілі – мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеу, оны білу — біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Ана тіліне салғырт қарау — өз халқының өткеніне, бүгінге, болашағына нәмқұрайлы қарау деген сөз.

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Ұлтаралық келісім өзара жарасыммен тапқан, тату еліміз. Алайда, қазақ тілі әр қазақтың ар-ожданы, мақтанышына айналған тиіс. Осы орайда Бауыржан Момышұлының «анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» деген сөзді әрбір қазақ ұғынса, біздің тіліміздің жағдайы дөл қазіргі қалпынан әлдеқайда жоғары деңгейде болар еді.

Мемлекеттік тіл — аса маңызды да ең өзекті мәселе, тіл — қазақтың жан дүниесі, рухани негізі, ел өркендігі мен ұлтты танытатын басты белгісі болып табылады. Ол — ұлт болмысын ұғындырып, төңірегіне жұртты топтастырушы, біріктіруші фактор. Сондықтан мемлекеттік тілді білу — өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі. Олай болса, тілді өмірдің барлық саласында қолданатын, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өз азаматтық міндетін атқаруға тиіс. Ол үшін тіл біледі мақсат тұтып, алдына талап қоя қажымал ізденіп, айрықша көңіл бөліп, аянбай еңбектенсе, мемлекеттік тілді меңгерері анық. Тәуелсіздіктің рухын асақатқатқан тіл мәртебесін көтерудегі ауқымды істің басы-қасында үнемі Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзінің жүрті жұртты үнемі жарық үмітке жетелейді. Президентіміз

«Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек... Сонымен бірге елімізде тұратын барлық халықтар өкілдерінің ана тілінде еркін сөйлей, оқи алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай тудыруымыз қажет» деп атап көрсеткен болатын.

Сонымен қатар, Елбасымыздың «Қазақ тілінің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, ғылымда да, білім беруде де дәл орыс тілінше қолданылуы үшін бәрін істеу қажет» деп қандай айтқан пікірі баршамыздың берік ұстанатын қағидамсы болуға тиіс.

Қазақстан Республикасының XXI ғасырдағы болашағы, шығар биіктері саяси-экономикалық факторлармен қатар, оның мемлекеттік тілі — қазақ тілінің де дамуына тікелей байланысты. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесі Ата Заңымызда анық айқындалған. Елбасымыз да «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде!» деп қадап көрсетті.

Біз қандай жағдайда да, қай кезде де өзге тілдердің дамуына еш нұқсан келтірмей, оларға деген мемлекеттік қолдау — қамқорлық аясын тіпті де тарылтпай отырып, қалай дегенде де Қазақстан Республикасы мемлекетінің негізін құраушы, ел-жер иесі қазақ халқының ұлттық тілі — қазақ тілінің, мемлекеттік тілдің мүддесін мейлінше кең көздеуге маңыз беріміз белгілі. Бұл — әр қазақстандықтың қастерлі парызы. Қазақ тілінің өз мәртебесіне сай толыққанды қоғамдық қызмет атқаруы аса қанағаттанғысыз екенін жан-тәнімізбен түсіне отырып, бүгінде «Тіл туралы» Заңның жүзеге асу барысын тапқылауда басты назарды мемлекеттік тіл тағдырына аударуымыз анық. Өйткені қазақ тілі өлемдік мәдениеттің бөлінбес бір бөлшегі ретінде тек қазақ топырағында ғана мемлекеттік мәртебесі талап ете алады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл қазақ тілін дамыту,оның қолдану аясын кеңейту, дамуы мен жетілуді жан-жақты қамқор жасау — бүгінгі күн төртбінен түспейтін маңызды мәселелердің бірі. Осындай мемлекеттік маңызды мәселені жүзеге асыру үшін арнайы қабылдаған бағдарлама мен іс-шараларды тұрақты түрде жүргізу, күнделікті жұмыс барысында мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру бәрімізге ортақ міндет.

Еңдеше, Президентіміздің салиқалы саясатымен еліміздің болашағы да, тіліміздің болашағы да өркендей береді деп сенеміз.

Қазақ тілі қазақ халқының ғана емес, Қазақстан мемлекетінің тіліне айналатын, мәртебесі мен мерейі үстем болатын күн туды.

Айнур САБЫР, Қарағанды облысының № 2 көмелтеке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңес меңгерушісі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ИМИДЖІ

Жоғары кәсіби мемлекеттік қызметті және мемлекеттің алдында тұрған тиімді басқару құрылымын құрудағы міндеттерді орындау көп жағдайда мемлекеттік қызметшінің кәсібилігіне байланысты. Бұл мәселеде маңызды қадамдардың бірі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшісінің оң имиджін қалыптастыру.

Қазақстандағы жұмыс істейтін халықтың жалпы санының 21 пайызы — лауазымды тұлғалар. Салыстыру үшін, АҚШ пен Германияда бұл көрсеткіш — 14 пайыз, Қытайда — тоғыз пайызға жуық. Әлемдік көшбасшылардың бірі Жалонияда — сегіз пайыз. Мысалы, мемлекеттік қызметшілер — скандинавиялық елдердің, Сингапурдың қызметі жоғары бағаланған жерде, мемлекеттік аппарат этикасының жоғары деңгейі және сыбайлас жемқорлықтың төмен деңгейі бар. Қорытынды мынадай: этика маңызды, және онсыз күшті және тиімді мемлекет құру мүмкін емес.

Мемлекеттік қызметшінің жағымды имиджінің негізгі ережелері Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексіне анықталды: «мемлекеттік қызмет — бұл қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіретін және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілік және моральдық-этикалық көріністеріне жоғары талаптар қойған».

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен 2017 жылдың 1 маусымынан бастап орталық мемлекеттік органдарда және облыс әкімдерінің аппараттарында әдеп жөніндегі уәкілі тәуелсіз лауазымы енгізілді.

Әдеп жөніндегі уәкілі қызметінің негізгі функциялары мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік қызмет саласындағы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және этика кодексі саласындағы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ұжымда моральдық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және ресми этиканың сақталуын қадағалау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау туралы кеңес беру болып табылады. Бұл сондай-ақ, ресми этика нормаларын бұзған мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін қарау, азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу. Уәкіл жеке және заңды тұлғалардан мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этика нормаларының бұзылуына қатысты шағымдарды қарауға міндетті.

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ОҚУЛАРЫ ЖАЛҒАСАДЫ



«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында халықты сандық сауаттылыққа оқыту жалғасуда. Аталған оқуды ұйымдастырушы — Жезқазған қаласының білім бөлімі.

Алдағы оқытудың негізгі мақсаты тыңдаушыны базалық және кәсіби сандық дағдыларды қамтитын күнделікті және кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға үйрету болып табылады.

Оқыту халықтың әртүрлі топтарына арналған бірнеше бағдарламалардан тұрады.

Базалық сандық дағдылар келесі құзыреттерді қамтиды:

- 1) базалық цифрлық дағдылар, соның ішінде дербес компьютерді, ноутбукті, мобильді құралдарды, Интернетті сенімді пайдалану және деректерді қорғауды қамтитын дағдылар;
- 2) «электронды үкімет» және мемлекеттік қызметтерді пайдалану дағдылары, соның ішінде «онлайн» электронды үкімет қызметтерін үйден шықпай-ақ пайдалану дағдылары;
- 3) «Ашық үкімет» пайдалану дағдылары, соның ішінде «Ашық үкімет» төрт компонентін пайдалануды қамтитын дағдылар;
- 4) «электрондық коммерция» дағдылары, олар «онлайн» тауарлар мен қызметтерді сатып алу, сату және ілгерілету дағдыларын қамтиды.
- 5) ақпараттық қауіпсіздік дағдылары, соның ішінде қаржы мәмілелері кезінде жеке деректерді қорғауды, есептегіш құралдарды, Интернет пен қауіпсіздікті қамтитын ақпараттық қауіпсіздік дағдылары.

Кәсіби сандық дағдылар Базалық сандық дағдыларды қамтиды, сондай-ақ:

- 1) медиа дағдылары — цифрлық құралдарды (цифрлық фотокамералар, бейнекамералар және т.б.) пайдалану дағдылары;
- 2) кәсіби цифрлық дағдылары — кәсіптік қызметте бағдарламалық және аппараттық шешімдерді қолдану дағдыларды қамтиды.

Курс тыңдаушылары 14 жастан жоғары және одан жоғары жастағы тұрғындар болып табылады, оның ішінде келесі санаттағы азаматтар кіреді:

- көп балалы аналар;
- тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектер;
- зейнеткерлер;
- жұмыссыздар және т. б.

Меншік нысанына қарамастан барлық мекемелер мен кәсіпорындар басшыларының назарына!

Қадрлардың саудық біліктілігін арттыру үшін әріптестеріңізді сандық сауаттылықтың тегін курстарына жіберулеріңізді сұраймыз.

Оқыту 2019 жылғы маусым мен тамыз аралығында жүргізіледі, әр бағдарламаның оқу уақыты 2-ден 5 сағатқа дейін. Тыңдаушының өзімен екі электрондық цифрлық қолтаңбасы немесе жеке куәлігі болуы тиіс.

Оқуға жазылу үшін жауапты тұлғалар және байланыс телефондары:

Уткелова Мнай — білім бөлімінің әдіскері (87770739302), Алтыбаева Дамира — білім бөлімінің бас маманы (87102410466)

Оқыту қаланың келесі жалпы білім беретін мектептерінде жүргізіледі:

№	Мектеп	Информатика кабинеті компьютерлер саны	Тыңдаушылар саны	Уақыты, сенбі және жексенбіден басқа күндер
1	№ 1 ЖОББМ	2 каб (29 компьютер)	500	10.00 с.-17.00с.
2	№ 9 ТМИ(РО)	1 каб (17 компьютер)	300	10.00 с.-17.00с.
3	№ 8 гимназия	1 каб (21 компьютер)	500	10.00 с.-17.00с.
4	№ 4 ЖОББМ	3 каб (45 компьютер)	500	10.00 с.-17.00с.
5	№ 5 ЖОББМ	2 каб (28 компьютер)	400	10.00 с.-17.00с.
6	№ 7 К.Сәтбаев атын. мектеп лицейі	2 каб (35 компьютер)	450	10.00 с.-17.00с.
7	№ 10 ЖОББМ	1 каб (16 компьютер.)	150	10.00 с.-17.00с.
8	№ 11 ЖОББМ	2 каб (28 компьютер)	300	10.00 с.-17.00с.
9	№ 24 ЖОББМ	2 каб (40 компьютер)	500	10.00 с.-17.00с.
10	№ 26 гимназия	1каб (20 компьютер)	252	10.00 с.-17.00с.
11	№ 21 ЖОББМ	2 каб (32 компьютер)	400	10.00 с.-17.00с.
12	№ 22 ЖОББМ	1каб (16 компьютер)	300	10.00 с.-17.00с.
БАРЛЫҒЫ			4552	

Өбүбекір САМАҒҰЛОВ, Жезқазған қаласы әкімі аппаратының бас маманы

АКЦИЯ

БАЛА ЕҢБЕГІ ҚАНАЛМАСЫН

Дүниеге келген баланы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай өсіру, оған дұрыс тәрбие беру — ата-анасының, ата-әжесінің, қала берді бүкіл ауыл-аймақтың тікелей міндеті. Жас баланы өлпештеп өсіру, оң мен солын танытып, дұрыс тәрбие беру барша адамзаттың саналы мақсаты екені анық болса да, соңғы уақыттарда бүкіл әлем елдерінде бала құқығы тапталып жатқаны жасырын емес.

Осыған орай, 2002 жылы Халықаралық Еңбек Ұйымы (ХЕУ) жұртшылықтың хабардарлығын көтеру және бала еңбегі мәселелерін шешуге ықпал ету мақсатында 12 маусымды Дүниежүзілік бала еңбегіне қарсы күрес күні деп жариялаған болатын. Алғаш 1997 жылы Амстердам мен Ослода балалар еңбегінің ең нашар түрлерімен күресу мақсатында өткен халықаралық балалар еңбегіне қатысты сұрақтар талқыланған конференция арқылы көтерілген бұл бастама арқылы көптеген жұмыстар атқарылды, ал 12 маусым — халықаралық балалар еңбегіне қарсы күрес күні деп аталып, жыл сайын тойланып отыратын болды.

Елімізде де бұл шара жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. «Қазақстан-2050» Стратегиясында әлеумет-

тік саясаттың ең басты құрамдас бөлігі балалық шақты қорғау болып жарияланды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, балалардың құқықтарын қорғау комитеті 1-12 маусым аралығында «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» атты Ұлттық ақпараттық науқан жарияланды.

Әр оқушы өзінің құқығын білуі маңызды. Бұғанасы қатпаған бала еңбек етіп, күн көрмей көрек, керісінше балалық шағында мектепте берілетін біліммен еркін сусындағаны жөн.

Әр көз сөйлер жылнамасын, аспанымыз ашық болсын деп тілейік!

Мәлдір ДҮЙЕСІН, №1 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚ

ҚАҚПА АЛДЫНАН ҚАРСЫ АЛДЫ

Түзеу мекемесінен босап шыққандарды әлеуметтік оңалтудың кешенді стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сай ел аумағында «Қақпа алдынан қарсы алу» акциясы тұрақты түрде өтіп келеді. Акцияның мәні — түзеу мекемесінен босап шыққандарға құқықтық көмек беріп, жұмыспен қамту, басқа да әлеуметтік мәселелерін шешуге атсалысу.

Жақында Жезқазғандағы АҚ-159/25 түзеу мекемесінен шартты түрде босап шыққан Б.Тлесов есімді жазасын өтеушіні Жезқазған өкімдігі, жұмыспен қамту орталығы, пробация қызметі, тағы басқа жауапты мекемелердің өкілдері қақпа алдынан күтіп алып, бостандыққа шыққаннан кейінгі жоспарларын білді. Түзеу мекемесінен түзеліп шыққанын айтқан Б.Тлесов жұмысқа орналасу, жана өмір бастауға ниетті екенін білдірді. Жауапты мекеме өкілдері шартты түрде жа-



Оз тілшіміз Суреттерді түсіргән Фалия ӘБДИҚАППАРОВА

ӘРІПТЕСТІК

Адам айтса нанғысыз ауыр азап мекеніне айналған лагерьлер жүйесіндегі ең ұзақ әрі ең көлемді көтеріліс ошағы «Степлаг» жайлы естіген боларсыз. Алғашында «НКВД-ның Жезқазған еңбекпен түзеу лагерь-комбинаты» аталған бұл лагерь ГУЛАГ түрмелер жүйесінің Қазақстандағы сойқан мен сорға толы бірден-бір ордасы болған. Бұл лагерь 1957 жылға дейін жұмыс істеді. Атының өзі үрейлі «Степлаг» орны қазіргі таңда тып-тыпыл болып жойылу алдында тұр.



МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Лондон музейінің зерттеушісі, британдық белгілі тарихшы К.Хюдсонның «Жаңа идеялар тудырмайтын музей мәңгілікке бір орнында қалып кетеді және ол ешқашан дамымайды» деген сөзі бар екен. Бірақ, бұл сөздердің тарих пен жаңашылдықтың, өткен мен келешектің мөңді де сәнді ордасына айналған Жезқазған тарихи-археологиялық музейіне еш қатысы жоқ деп айта аламыз. Себебі, Раушан Қапарова жетекшілік ететін бұл тарихи мекен қай кезде де асақтан ізденімпаздықтың үлгісі паш етуден танған емес. Соның тағы бір дәлелі – Жезқазған тарихи-археологиялық музейі мен ГУЛАГ мемлекеттік тарихи музейі мамандарының болашақта бірлесе жұмыстар атқаруына негізделген меморандумға қол қою рәсімі. Меморандум негізінде ГУЛАГ мемлекеттік тарихи музейі мамандарының Жезқазған тарихи-археологиялық музейіне Степлагқа қатысты жәдігерлерді өткізеді. Мәскеулік музей қызметкерлері Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің ҚР

Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалаларын жүзеге асыру жоспары және Жезқазғанның 65 жылдық мерейтойы аясында 11-13 маусым аралығында ұйымдастырылғалы отырған «Дала мұрасы» атты халықаралық музейлер фестиваліне арнайы шақырылған болатын. Мәскеулік мамандар Степлагқа қатысты құнды деректерді фестивалден ертерек мұражай қоржынына табыстағанды жөн көрді.

Германия және Қазақстан сынды тарихи ортақ мемлекеттерді атап өтуге болады. Тарих ұмытылмайды дегеннің өзінде археологиялық ескерткіштер түрлі табиғат себептерімен байланысты уақыт ілгімен жойылып отырады. Сондықтан, біз тапсырып отырған деректер өте құнды саналады. Біз үшін аймақтық музейлермен байланыс орнату өте маңызды, – деп атап өтті А.М.Готлиб өз сөзінде.

Меморандумға қол қоюға келген мәскеулік қонақтар қатарында ГУЛАГ мемлекеттік тарихи мұражайының атқарушы директоры А.М.Готлиб, реставраторлар К.И.Маслов және В.Р.Сабиров бар. А.М.Готлиб Жезқазған тарихи-археологиялық музейіне ГУЛАГ, Карлаг және Степлагқа қатысты құнды құжаттарды, бейне роликтер мен аэро-суреттерді табыстады.

Тарихшы-профессор Т.Аланиязов мәскеулік мамандармен байланыстың одан әрі артаындығын және Степлаг мұражайының ашу туралы тың ойларымен бөлісті. Шара соңында А.Готлиб бастаған ГУЛАГ мемлекеттік тарихи музейі мамандары Мәскеу физико-химиялық зерттеу үшін суреттер бөлшектерін алып кететіндерін және мұражай директоры Р.В.Романовтың Жезді өлкесіне деген ыстық ықыласын жеткізді. Сондай-ақ, мәскеулік мамандар зерттеу жұмыстарына үлкен көмек көрсеткен «Қазақмыс» корпорациясына алғысын білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

«ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ»

халықаралық музейлер фестивалі өтеді

Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бастамасымен Жезқазған тарихи-археологиялық музейі ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалаларын жүзеге асыру, Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы аясында 11-13 маусымда «Ұлы Дала мұрасы» атты халықаралық музейлер фестивалін өткізеді.

Фестивальдің мақсаты – Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын және «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласын жүзеге асыру аясында тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау, қазақ халқының тарихын зерттеу және тереңдету таңуға тырысу, тарихи жайттардың ұмытылған сәттерін еске түсіру, Ұлы даланың өзіндік мәдениеті мен бірегей өркеніетін бойына сіңірген ата-бабаларымыздың өмірі туралы деректі және тұрмыстық естеліктерді қайта жаңғырту. Халықаралық музейлер фестивалін өткізу жолымен шетелдік музейлер мен архивтер арасындағы байланысты нығайту.

11-13 маусым күндеріне жоспарланған халықаралық музейлер фестиваліне шетел және республикалық музейлер мен архивтердің қызметкерлері, шетел тарапынан Қытай, Түркия, Ресей, Өзбекстан және Моңғолия елдерінен республика бойынша 20 музейдің қызметкерлері қатысады деп күтілуде.

Фестивальге қолдау көрсетуші – Қарағанды облысының әкімдігі мен Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы. Фестиваль Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің (Алашахан даңғылы, 22) ұйымдастыруымен 11 маусымда сағат 10.00-де салтанатты түрде ашылады.

Фестиваль барысында өтетін іс-шаралар: «Ұлы Дала мұрасы» – музейлер фестивалінің салтанатты ашылуы;

- «Тарихта өз атыңды қалдыр» – музей алаңында Ұлытау-Жезқазған өңірінің тұрғындары арасында жәдігерлерді жинақтау мақсатында ұйымдастырылған акция қорытындысы;
- «Хас шеберлер шеруі» – музей алаңында жергілікті қол өнер шеберлері мен суретшілердің қатысуымен өтетін шеберлік сабақтары;
- «Ұлы Дала жауһарлары» экспозициясының ашылуы;
- Халықаралық музейлер фестивалінің қатысушыларымен өтетін баспасөз-конференциясы;
- Меморандумға қол қою рәсімі;
- «Көне дәуір кәуегерлері» – құнды әрі сирек кездесетін жәдігерлер таныстырылымы;
- «Музей қызметінің жаһандық жаңаруы – заман талабы» – музей мамандарына арналған семинар-тренинг;
- «Ұлы Дала – түркі өлемінің бесігі» – Ұлытау-Жезқазған өңірінің киелі жерлеріне экскурсия.

Жезқазған тарихи-археологиялық музейі

БАҒДАРЛАМА
«Ұлы Дала мұрасы» атты Халықаралық музейлер фестивалі
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
Өтетін уақыты: 11-13 маусым 2019 ж.
Өтетін орны: Музей алаңы, Алашахан, 22.
11 маусым «Ұлы Дала мұрасы» Халықаралық музейлер фестивалінің салтанатты ашылуы
10.00-10.30 Фестивальдің салтанатты ашылуы
10.30-11.00 «Тарихта өз атыңды қалдыр» акциясының қорытындысы.
11.00-11.30 «Хас шеберлер шеруі» – қолөнер шеберлерінің қатысуымен өтетін шеберлік сабақтар.
11.30-12.00 «Ұлы Дала мұрасы» экспозициясының ашылуы.
12.00-13.00 Баспасөз-конференциясы – шетелдік қонақтармен кездесу.
14.30-18.00 «Көне дәуір кәуегерлері» – құнды әрі сирек кездесетін жәдігерлер таныстырылымы.
12 маусым
«Музей қызметінің жаһандық жаңаруы – заман талабы» – музей мамандарына арналған семинар-тренинг
10.00-11.00 Музей мамандарына арналған семинар-тренинг
17.00-18.00 Семинар-тренингтің қорытындысы. Қатысушыларға сертификат табыстау.
13 маусым
«Ұлы Дала – түркі өлемінің бесігі»
Фестиваль қонақтарына Ұлытау-Жезқазған өңірінің қасиетті жерлерімен таныстыру
07.00-17.00 Ұлытау-Жезқазған өңірінің киелі жерлеріне экскурсия.

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ДІНИ ТАНЫМ



Біздің ғасырдан ғасырға жалғасқан Хақты тану дағдымыз бар. Халқымыз осы қасиеттерден айрылмай діни мен салт-дәстүрін үйлестіріп, құдайға құлшылығын жасап, дархан мінезінен танбай келеді. Жақсылыққа жаны жарқын жұрттың қашан да өмірі сәулелі болмақ. Бұл елдегі барша жаратылыстың қарама-қарсы жұбы бар: жақсылық-жамандық, тұщы-ашы, ақ-қара, періште – шайтан, мүмін-кәпір т.б. Адам жақсылыққа да, жамандыққа да бейім. Періштедей болу мүмкіншілігін алып мұраты. Періштедей болу үшін періштелер секілді ішіп-жеуді уақытша болса да тәрк ету қажет.

Ораза – исламның негізгі діңгегінің бірі. Ораза – діннің зекеті. Ораза – адамның рухына азық, Ораза денемізге, рухымызға, өмірімізге береке екеді.

Пұқпан хәкім ұлына насихатында былай деген «Ұлым, егер асқазаныңды ардайым толтырып жүрсен, ақыл-ойың ұйықтайды, хикмет сенеді, жалқаулық басады». Ал Алла тағала былай деген: «Ораза мен үшін. Оның сыйын мен беремін».

Ораза сабырлық пен төзімділікке үйретеді. Сабырлықтың күшіне ие болған жан ғана, диттеген мақсатқа жетеді. Ұлтты діннен бөліп алуға болмайды. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бір сөзінде былай деген еді: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жастайынан имандылық пен салауаттылық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған Отанының гүлденуіне өз үлесін қою алатын азамат өсіре аламыз».

Ораза – діннің зекеті. Иманның орны жүрек. Адамның иманына, ар-ұяты мен адамгершілігіне негізделген тәрбие жүйесі, «Отан от басынан басталады» – деген түсінік бар.

Ислам дінінде бала өмірдегі сынақтардың бірі ретінде қаралады. Сол себепті сынақтардан сүрінбей өту үшін балаға өмірде жақсы-жаманның, обал-сауаптың не екенін қалай жақсы адам болу жолдарын үйрету, парасатты тәрбиелеу – ата-анаға міндеттелген іс.

Алла тағала алдындағы ата-ананың жауапкершілігі осында. Мінез құлықты қолдан жасауға болатын ішкі бала тәрбиесі туралы айтылған хадис шарифтерде былай деп бұйырған: «Балаларыңның тілін «Лә илаһә иллаллаһпен» ашыңдар» (имам Хаким). «Кісінің өз баласына бір мәрте едел үйретуі бір садақа бергеннен артық» (имам Термези).

Ия, біздің салт-дәстүріміз тәрбие мен тағылымға, ізгілік пен адамгершілік құндылықтарға тұнып тұр. Халқымыздың күнделікті тұрмысына әдетке айналдып кеткен әдеп-ғұрыптың астарына үңілсек, шарияттың бір талабы тұрғанын байқаймыз. Саби дүние есігін ашқанға құлағына азан шақырып ат қою, ақша құрбандылығын шалып, келінге қалжа жегізу, баланы қырқынан шығару, шілдехана, бесік той жасау, тұсау кесу, сүндет той, атқа мінгізу, тоқымғақар, тілашар, т.б жоралғылар – исламда бар рәсімдер немесе асыл дініміз құптаған игі амалдар. Ат қою шариятты бойынша нәрестенің о құлағына азан, сол құлағына қамат айтылады. Имам Әбу Дәуіт пен Имам Термези келтірген хадисте: «Кімнің баласы туғанда, оның оң құлағына азан айтып, сол құлағына қамат айтса, ол нәрестеге «умму сибян» (сәбиді ауру өтетін жел немесе жанының кесірі) өсер

етпейтін болады» деп айтылған. Ислам шариятында жаңа туған баланың құлағына азан шақырудың тағы бір мағынасы – оның бойына иман сөзін жастайынан сіңіру. «Азан шақырып, ат қою» жоралғысын саби туғаннан кейін жетінші күні жасаған жөн.

МАУСЫМ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

(Жезқазған уақыты бойынша)

Table with 7 columns: Апта күні, Таң, Күн, Бесін, Екінші, Шам, Құтпан. It lists the prayer times for each day of the week from Monday to Sunday.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАР ЖАҚСЫЛЫҚ – БАЛАЛАРҒА

«Қайғыны бөліссең аязды, қуанышты бөліссең көбейеді» демекші, бүгінде кәсіпкерлердің қайырымдылық шарасына белсене қатысып, өзгеіңауыртыпашылығын жеңілдетуге үлес қосуы үлкен қуаныш. Қала тұрғындары бейбіт күннің ерлерін танып, олардан үлгі алысқан деген ниетпен «Қазына» сауда орталығының ашылу салтанатында жасалған қайырымдылық шарасына қатысып қайттық.



Бұған дейін жезқазғандықтарды қолжетімді азық-түлікпен қамтып келген «Қазына» сауда үйі қайта жөндеуден өтіп, дүкен аумағын кеңейткен. Енді қала тұрғындары бір шатырдың астынан үйге қажеттіні ғана емес, сонымен қатар киім-кешекті, аяқ киім мен аксессуарларды сатып ала алады. Сауда үйінің ашылу салтанаты қасиетті Ораза айт мерекесіне орайластырылды. Алғаш болып сөз алған Ахмет ишан Оразайұлы атындағы қалалық мешіттің наби имамы Қайрат Сыдықов қайырымдылық жасау асыққан жеке кәсіпкер Ерлан Кенжебековтің ісіне береке тілеп:

«Қазына» сауда орталығының киім-кешек саудалайтын жағы «Элегант» дүкені деп аталды. Оның иесі Исмаил Муродов пен Ерлан Кенжебеков ашылу салтанатында көп балалы отбасынан шыққан 20 баланы киіндірді. Балалар 20 мың теңгеге өзі қалаған киімді сатып алуға мүмкіндік алды.

– Табиғат төрт балам бар. Отағасының табынына күн көремсіз. Дүкен иесі демешілік жасайды дегенді естіп, қауанып қалдым. Біз мектепке қажет костюм шалбар мен жаздық киімдерді таңдадық. Балалардың қуанышында шек жоқ, – деп ағынан жарылған көп балалы ана Людмила Камалова қайырымдылық шарасын ұйымдастырушыларға рахмет айтауда.

«ЖСЖҚ» АҚ ХАБАРЛАЙДЫ

«Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ заң кеңесшісінің жұмысқа қабылдайды. Талаптар: жоғары заңгерлік білім. Өндіріс саласында заңгер қызметіндегі жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем болмау. Заң қызметі саласында тәжірибенің болуы. Жоғары коммуникативті дағдылар. Қазақстан Рес публикасының заңдарын жақсы білу. Аналитикалық ойлау. Жан-жақты болу. Қызметтің міндеттері: Талап-арыздық жұмыстарды жүргізу, корпоративті құжаттарды, арыздарды, талаптарды дайындау, ішкі нормативті құжаттарды әзірлеу. ҚР құқықтық базасына бейімделу. ҚР азаматтық, процессуалдық, еңбек заңнамаларын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын білу.

Түйіндеме «ЖСЖҚ» АҚ E-mail: jez-ptvs@mail.ru электрондық мекенжайға жіберілісін.

АО «ПТВС» СООБЩАЕТ

В АО «Предприятие Тепловоснабжения» требуется на работу юристконсульт. Требования: Юридическое высшее образование. Опыт работы в должности юриста в области производства не менее 3-х лет. Практические навыки в области юриспруденции. Защита правовых интересов предприятия. Высокие навыки коммуникативности. Отличное знание законов Республики Казахстан. Аналитическое мышление. Коммуникабельность. Обязанности: Ведение претензионно-исковой работы, подготовка корпоративных документов, исковых заявлений, претензий, разработка внутренних нормативных документов. Умение ориентироваться правовой базе РК. Знание гражданского, процессуального, трудового законодательства РК, Закон Республики Казахстан «О государственных закупках». Резюме направлять на электронный адрес АО «ПТВС» E-mail: jez-ptvs@mail.ru.

ҚҰРМЕТТІ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ! Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті аймақтың мемлекеттік органдарында, ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде жақын туыстардың бірлескен жұмыс жасауы және басқа да мүдделер жақтығысы фактілерін анықтау бойынша жұмыстар жүргізуде. Мүдделер қақтығысы бойынша мәліметтер болған жағдайда, Қарағанды қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39 мекен-жайына хабарласуыңызды сұраймыз. Байланыс тел. 8 (7212) 50-40-75, 87022645258 эл. мекенжай ds.karaganda@mail.ru.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ! Департаментом агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области проводится работа по выявлению фактов конфликта интересов, совместной работы близких родственников и других форм аффилированности в госорганах, организациях и субъектах квазигосударственного сектора нашего региона. По имеющимся фактам конфликта интересов просим обратиться по адресу: г.Караганда, проспект Нұрсұлтан Назарбаева, 39. Контактные тел. 8 (7212)50-40-75, 87022645258 эл. адрес ds.karaganda@mail.ru.

«ЖЕҢІС КҮНІ ӘРДАЙЫМ ЕСІМІЗДЕ»

атты фотокөрме ашылды

«Даму-Ұлытау» қоғамдық бірлестігінің мұрындық болуымен «Жарқын ақыл» білім орталығының «Coworking» орталығында «Жеңіс күні әрдайым есімізде» атты фотокөрме ашылды. Көрмені ұйымдастырудағы басты мақсат – еске алу ұрпақты тарихты білуге ұмтылдыру және олардың бойында үлкенге деген құрмет пен ізетті арттыру.

Жалпы, «Даму-Ұлытау» қоғамдық бірлестігі ұлттық еріктері желісімен бірлесе отырып, екі жылдан бері «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамытудың корпоративті қоры қолдауымен «Жеңіс» атты қайырымдылық жобасын іске асыруда. Міне, осы жоба аясында қолға алынған шаралардың барысы «Жеңіс күні әрдайым есімізде» атты фотокөрмеге арқау болды.



«Жеңіс» қайырымдылық жобасы бүгінде еліміздің 32 қаласында жүзеге асуда. 2018 жылдың өзінде еліміз бойынша Ұлы Отан соғысы мен тыл ардагерлерінің қатысуымен 4282 қайырымдылық шарасы өткен. Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін қолдауды көздейтін жоба шеңберінде қазір «Даму-Ұлытау» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Қания Тұрсынбаева

тазаалап, үйін жинастыруға көмектеседі. Жалғыздықтан жабыққан қариялардың дені шаруасының біткеніне емес, әңгіме-дүкен құратын, көңілін аулайтын жанмен кездескеніне қуанады. Сондықтан, ұйымдастырушылар фотокөрме арқылы қариялардың саулығын сурауының жастардың қатарын көбейткісі келетіні рас.

Фотокөрмеге қойылған суреттер әр келушіге ой салары анық. Суреттерге үңілсек қай қарт болмасын, өзіне көрсетілген құрметке марқайып, көңілі көтерілген күйде. Оларға жылына бір-екі рет қана көңіл бөлу аздық етеді. Сондықтан, біз көрмені «Жеңіс күні әрдайым есімізде» деген ұранмен өткізуді құп көрдік. Күн санап қатары сиреп жатқан Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен батырларымыз бен маңдай терімен Жеңісті жақындатқан тыл ардагерлерін жыл бойы елеп, ескеруіміз қажет, – деген Қания Саянқызы фотокөрмеден кейін еріктерінің саны артауына сенім білдірді.

Көрмені өткізуге «Жарқын ақыл» білім орталығының таңдалуы бекер емес. Өйткені, мұнда өз жұмысын бастаған үйірмелер мен курстарға қала мектептерінің оқушылары жиі келеді. Олар өз кезегінде фотокөрмені тамашалап, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің өмір жолымен таныса отырып, бойында өзгенің мұңын бөлісе, қайырымдылық жасау сияқты қасиеттерді қалыптастырады. «Даму-Ұлытау» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Қания Тұрсынбаева фотокөрмені өткізуге мүмкіндік берген білім орталығының басшылығына ризашылығын білдіріп, барша қала тұрғындарын қазынаға айналған қарттарға қандай да бір көмек беруге асығуға шақырады.

Бота ШАЛҚАР



бастаған еріктері тобы 35 жезқазғандық қарияға қолғабыс етіп жүр. Көмек пен қолдауды қажет ететін қарияларды таңдауда қоғамдық бірлестікке қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, сондай-ақ, қалалық және «Қазақ-

біріледі. Атап айтқанда, қарияларға азық-түлік себеттері мен үй шаруасына қажетті жұмыс құралдары үлестіріледі. Және қала жастарынан құралған еріктері аяқ-қолынан күш кеткен үлкендерге бау-бақшасын

РУХАНИ АЗЫҚ СЫЙЛАҒАН КЕШ

Адамзаттың асыл тәжі, Алла елшісі, сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) өз хадистерінде: «Рамазанның басы – рахмет, ортасы – кешірім, соңы – тозақ отынан құтылу» деген екен. Барша мұсылман баласына сыйға тартылған осынау қасиетті діни мереке де тамамдалды. Биыл 6 мамырдан басталған қасиетті ай – әлемдегі барлық мұсылман халықтарына ортақ елеулі мереке. отыз күнге жалғасқан Рамазан айының Қадір түні 31 мамырдан 1 маусымға қараған түнге сәйкес келді. Рамазан айында ізгі істерімен көзге түсіп, көп жамағатқа өнегелі жұмыстарымен пайдасын тигізіп жүрген Жезқазған аймақтық Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешітін ерекше атап өтуге болады.

Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт жанындағы медреседе өткен «Қош бол, Рамазан!» атты мерекелік кешке қатысып, тәлім сыйлар рухани кештің куәгері болып қайтып. Сарыағаш медресе-колледжінің III курс студенттері Айгүл Тұяқбаева мен Айжан Полат іс-тәжірибеден өту барысында медреседе бір ай бойы Жезқазған аймағындағы діни сауат ашуға ниетті қыз балалар мен әйелдерге ислами тұрғыдан ілім үйреткен болатын. Олар «Балалар тобы», «Бастауыш тобы» және «Жалғастырушы топ» атты үш бағытта діни сауат ашу курсы өткізді. Рухани кеш бір айлық діни курста ерекше ынтасымен көзге түсіп, жақсы нәтижелерге қол жеткізген шәкірттерді марапаттап, арнайы сертификаттарды табыс етумен басталып, «Тәж кигізу» рәсімімен жалғасты. Сонымен қатар рухани кеште



медресе шәкірттері діни әндер айтып, өлеңдер оқыды, Алланың 99 есімін жатқа айтты. Сондай-ақ, қызықты ойындар ойналып, білім алушыларға әр түрлі сыйлықтар, діни кітаптар мен Құран кітап табыс етілді. Рухани кеш барысында медресе шәкірттері ішкі толқыныстарын жасыра алмады. Кеш соңы медресе шәкірттеріне арналған ауызашармен қорытыланды.

Жезқазған аймақтық Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешітке қарасты медреседе бас-аяғы 70-тей қыз-келішек діни білім алған. Олардың 20-сы – балалар. Ме-

дреседе тек жаңадан сауат ашып үйреніп жатқан шәкірттер ғана емес, қажылық міндетін атқараң, діни сауаты мол апа-өзгеріміз де жетіп артылады. Бұл жерде әйел жамағатына тек қана діни білім үйретіп ғана қоймай, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелейді, отбасылық, қоғамдық құндылықтарды құрметтеуге үйретеді. Бір ай бойы діни сауат ашу медресе келушілері осылайша Рамазан айы бар сән-салтанатымен шығарып салды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

«МЫСЫ БАЛҚЫҒАН, ЫРЫСЫ ШАЛҚЫҒАН – ЖЕЗҚАЗҒАН»

атты мерекелік концерт өтті

Жалпы білім беретін №4 орта мектебінің ұжымы да Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойына тарту жасады. Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өткен «Мысы балқыған, ырысы шалқыған – Жезқазған» атты мерекелік шара жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын айта өткен жөн. Ұстаздар қауымы мен оқушылардың бірі қалмай белсене қатысқан шара көптің көңілінен шықты.

Ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың есімі Жезқазғанмен қатар айтылатын белгілі. Мысты өлкенің бағын жаққан қазақтың дара перзентінің еселі еңбегін ұлықтамау үлкен сын. Сондықтан, шараның шымылдығы Қаныш Сәтбаевтың Василий Штифановпен бірге үлкен Жезқазған жобасын ашу жөніндегі әңгімесі желісімен қойылған сахналық көрініспен түрілді. Одан кейін жиналғандар мектеп оқушылары Маргарита Уткина, Даниил Кравчук, Екатерина Ветцель, Нұрсұлтан Исмаилов пен Юсуф Суфияев ұсынған қала мен мыс зауытының құрылысы жайында баяндалған көріністің куәсі болды. Жезқазғандық металлургияда алғашқы мыс балқымасын алған сәт де көрерменнің көз алдына әкелінді. Жезқазған қаласының 65 жылдық тарихын парақтай отырып №4 орта мектептің ұжымы балашақа да зер салып, арман-тілектерін туған жерімен байластырды. Мысты шаһардың ертеңі бүгіннен де жарқын боларына сенім білдірді. Мерекелік шараның екінші бөлімінде жиналғандар әсем өнім сусындап, мың бұралған бишлердің биінен ұмытылмай әсер алды. Осы бөлім үш тілде жүргізілді.



Мектеп оқушылары қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгеріп қана қоймай, оны күнделікті қолдана білетіндерімен таң қалдырды. «Стихи необычной формы» атты облыстық жобалар конкурсының дипломанты атанған Анна Карпова туған жерінің сулулығы мен байлығын, халқының дархан көңілін өз өлеңіне арқау етсе, мектеп жанындағы «Құлынашақ» шағын орталығының тәрбиеленушілері «Кукарелла» атты достық биімен таң-тамаша етті. Ал, бастауыш сынып оқушылары болса, Сарыарқаның сары даласында орын тепкен мысты өлке қызғалдақтар мекені екенін тілге етіп, жиналғандардың құшағын ал-қызыл қызғалдаққа толтырды. Шара «Туған жер» деп аталған көрініспен жалғасын тапты. Қала құрылысы қалай жүргенінен сыр шерт-

кен ата немересіне туған жерді құрметтеу жөніндегі өнегесін сңіріп, көпшілікке ой салды. Жезқазған қаласының маңайында орналасқан Жошы мен Алаша хаң Домбай үлкендері сынды қасиетті жерлердің де көрнекті осы кеште паш етілді.

Кештің өтуіне ата-аналар да атсалысқан қуанытты. Олар мұғалім, оқушылармен бірлесе сахна төрінен Жезқазғанға деген махаббаттарын жеткізді. Әсерлі әрі өнегелі кездесуді мектеп басшысы Айгүл Обайдулина түйіндеді. Ол өз сөзінде №4 орта мектептің ұжымы дарынды тұлғаларды тұлғуға үлес қосса, шәкірттері елімізді даму мен өркендеуге бастайтынын жеткізді.

Бота ШАЛҚАР
Суреттерді түсірген
Ғалия ӘБДИПАПОВА

МЕРЕКЕ АЙШЫҚТАРЫ

ҚУАНЫШҚА БӨЛЕНДІ

Болашағын ұрпағымен байланыстыратын қазақ халқы қашаннан бар жақсысын балаларға арнайды. Өйткені, балалар – еліміздің ертеңі. Бізге балғындардың бәрі бірдей бақытты балалық шақтың дәмін татып, бейқам өмір сүруі үшін барынша жағдай жасалуда. Жезқазған тарихи-археологиялық музейі мен қалалық қоғамдық келісім кеңесі және қалалық Аналар кеңесінің ұйымдастыруымен өткен «Жанданған кейіпкерлер әлемі» атты интерактивті экскурсиясы – балдырғандар үшін жасалған игіліктердің бір парасы ғана.

Халықаралық балаларды қорғау күніне орайластырылған экскурсияға қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұсынысы бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің тәрбиеленушілері шақырту алды. Балаларға қуаныш сыйлап отырып, олар да қоғамның бір бөлшегі екенін ұғындыруды мақсат етті ұйымдастырушылар. Алдымен жиналғандарға Халықаралық балаларды қорғау мерекесі туралы аз-кем ақпарат берілген соң, тарихи-археологиялық музейдің экспозиция залдары бойынша экскурсия жасалды. Балғындар өлке тарихымен жақынырақ танысып, еліміздің гүлденуіне үлес қосқан тұлғалардың ғұмырынан өнеге алды. Келесі кезекте тәрбиеленушілер түрлі ойындарға белсене қатысып, өздерінің қарым-қабілеттерін көрсетіп, жаңа қырынан ашты. Сонымен қатар, экскурсия қатысушыла-



ры Ұлытау-Жезқазған аймағын мекендейтін жануарлардың дыбыстары келтірілген аудио-жазбаны сүйсіне тыңдап, мейрама болысты. Шулсақа кәзі дауыс қай құсқа не аңға тиесілі екенін дәл табуға тырысты. Бауыр еті баласын ойлап қамыққан аналардың жүздеріне күлкі сыйлап, ерекше балаларға жан жылуымен бөліскен

ұйымдастырушылар алдағы күндері де осы бағыттағы игі амалдарды жалғастырмақ. Және өзге де қала тұрғындарын мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға бейімдеуге, оларды қолдап, еліміздің толыққанды азаматы екенін сезініп, үлес қосуға шақырды.

Диана ОРАЗАЛИНА

БАҚЫТТЫ БАЛАЛАР МЕКЕНІ



Әлемнің әр түпкірінде балаларды қорғау күнін әр түрлі атап өтеді. Мысалы, Испанияда балаларды қорғау күні 5 қаңтарға белгіленген. Ал, Швецияда ер балаларды қорғау күні 7 тамызға, қыз балаларды қорғау күні 13 желтоқсанға сәйкес келіп, салтанатты түрде атап өтеледі. Жапонияда болса, бұл күн жылына үш рет, 3 наурыз, 5 мамыр және 15 қараша кең көлемде тойланады. 1949 жылы Халықаралық әйелдер федерациясының өссиясында 1 маусым балалар-

ды қорғау күні ретінде бекітіліп, 1950 жылдан бастап дүниежүзі халықтары бұл күнді ерекше мерекеге айналдырды. Осы күннің негізгі мақсаты – балаларды зорлық-зомбылықтан, соғыстан қорғау, денсаулықтарына қамқор болып, олардың білім алуына қолайлы жағдай жасау.

Жезқазған қаласында да 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні ерекше аталып өтті. Мереке таң шапаларымен таласа өнерлі өркендердің мерекелік кешімен шы-

мдығын түрді. Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицей мен №8, 26 гимназияның, №10, №11 мектеп оқушыларының және жасөспірімдер мен оқушылар сарайы тәрбиеленушілерінің қатысуымен өткен мерекелік шараға көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады. Одан әрі мерекелік шара Алғашқы құрылыстар алаңына қарай түзілген балалар шеруімен жалғасты.

Мерекені ата-аналарымен қарсы алған бүлдіршіндер санында шек болмады. Бала-лар арналған өң би, асфальтте сурет салу сынды түрлі қызықты сайыстар мерекенің көрініс қыздыра түсті.

«Жалғыз баласы бардың, Шығар-шыңлас жаны бар. Екі баласы бардың, Өкпе, бауыр, жалы бар. Үш баласы бардың, Бұқарада пұлы бар» дейді ақылман дана халқымыз. Ия, ата-ананың да, өгемнен елдің де тілегі мен тірегі, сүйегі мен сүйенері – балалары екендігі сөзсіз. Ендеше, аппақ қардай асыл ниеттеріне әлемнің барлық бақытын жинаған балаларымыз маңғай аман болсын!

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

БАЛАБАҚШАМЕН ҚОШТАСТЫ

Жезқазған қаласындағы №1 «Көктем» бөбекжайының «Құлпнай» тобы балабақшамен қоштасу кешін ұйымдастырды.

Бала – біздің болашағымыз. Сол бүлдіршіндердің болашақта жарық жұлдызға айналуына, еліміздің тұлғасы болуына, жан-жақты азамат ретінде өсіп-жетілуіне №1 «Көктем» бөбекжайының ұжымы үлестерін қосуда. Ұжымында 50-ден астам қызметкері бар бұл балабақша ымыра-бірлігімен өзге мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру мерке-мелеріне үлгі-өнеге. Қалалық, облыстық, республикалық түрлі байқауларға қатысып, жүлделі оралып, қаламыздың мер-деңі асқақтатып жүрген бүлдіршіндер мен педагогтері бар. Аталған бөбекжайдың директоры Елена Кардаштың қолдауымен керемет ертеңгілік өтті. Арнайы шақырылған қоңақтар, ата-аналар, бүлдіршіндердің өнеріне тәнті болды. Сол ба-

лабалардың шығармашылығын шыңдап, өнерге ынтық, білімге құштарлығын арттыру мақсатында бөбекжайдың тәрбиешілерінің, музыка жетекшісі мен хореографтың төккен тері аз емес. Олардың еңбектері мақтауға да, мадақтауға да тұрарлық. Солардың қатарында алғашқы тәрбиешісі Ботакөз Жакупова, Мөлдір Әбдрахманова, Ғалия Сейітжанова, Еркін Сағыншы есімді өз істерінің білгірлерін жатқызуға әбден болады.

Балабақша тұлғалары тәрбиешілері мен ата-аналары, бөбекжайына арнаған жыр шумақтарын жатқа айтты. Өн де салды, би де биледі. Тіпті, шағын сахналық қойылған көрсетіп, шпектілікті ықыпалына бөледі. Сабақ түрінде ұйымдастырылған түрлі ой-

ындарға белсене қатысып, үш жылда бөбекжай қабырғасынан алған білім-тәрбиесін паш етті. Тұлғалар балабақша тәртібін бұзбай, өздерін әдепті әрі үлгілі бала ретінде көрсетіп, шығармашылығын шыңдағаны үшін бөбекжай директорының мадақтамасымен марапаттады. Бауыр еті баласының балабақшада алған тәліміне разы болып, жеткен жетістігіне қуанған ата-аналар қауымы бөбекжай ұжымына алғысын жаудырды.

Балабақшамен қоштасып, енді мектеп табылдыңыз ата-тағалы тұрған бүлдіршіндер аспанымыз ашық, еліміз аман, болашағымыз жарқын болсын деген ниетпен аспанға түрлі-түсті шар ұшырды.

Ізтөлеу ТҮСІПОВ



ЕГЕР ШЕТЕЛГЕ ШЫҒУДЫ ЖОСПАРЛАП ЖҮРСЕҢІЗ

АЙЫППҰЛДАР МЕН БЕРЕШКЕРДІ ТЕКСЕРІП АЛЫҢЫЗ

«ШЕТ ЕЛГЕ ШЫҒУ ШЕКТЕЛГЕН, БОРЫШКЕРЛЕР ТІЗІМІ ЖӘНЕ АТҚАРУ ӨНДІРСІ БОЙЫНША БОРЫШКЕРЛЕР ТІЗІМІ БОЙЫНША ШЕТ ЕЛГЕ ШЫҒУҒА ТҮЙІМ САЛЫҒАНЫН ТЕКСЕРУ» ҚЫЗМЕТІ

Мемесе ҚР Өділет министрлігінің сайтындағы «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШЕГІННЕН ШЫҒУЫ УАҚЫТША ШЕКТЕЛГЕН ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ», «АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША БОРЫШКЕРЛЕР ТІЗІМІ» деректер базаларынан өзіңіздің аты-жөніңізді іздеп, елден шығуға тыйым салынған-салынбағандығын тексеру маңызды

ҚАРЫЗ ТҮЙІМ

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР МЕН ТӨЛЕНБЕГЕН АЙЫППҰЛДАРДЫҢ БАР-ЖОҒЫН ДА ТЕКСЕРІП АЛЫҢЫЗ

Ақпарат ҚР ІІМ баспасөз қызметінен алынды

© «ҚАЗАҚТАР» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ info.kz МЕЖДУНАРОДНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО «КАЗИНОРМ» ©

САЙЛАУ – 2019

Сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары соңына таяған сайын президенттіктен үміткерлердің қоғамдық штабтары іс-шараларды жиілетте түсті. Кандидаттардың аяғы жетпеген жерлерге сенім білдірілген адамдары барып, еліміздің барлық аймағындағы халықты алдағы сайлау барысынан құлағдар етіп жатыр.

«Ақжолдықтар» ел ішінде

«Ақ жол» демократиялық партиясынан президенттікке кандидат Дания Еспаеваның республикалық қоғамдық штабы Сыр өңірінде «Қазақстан халқының рухани-мәдени саласын дамыту» тақырыбында дөңгелек үстел жиынын өткізді. Қызылорда қаласында Қорқыт ата атындағы Студенттер сарайында партияның облыстық филиалы ұйымдастырған іс-шарада кандидаттың сайлауалды тұғырнамасы егжей-тегжейлі түсіндірілді.

Ашық пікір алаңы ретінде өткен жиынға «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, ақын, «Қазақ үні» газетінің басшысы Қазыбек Иса мен партия төрағасының орынбасары Дмитрий Васильев қатысып, сөз сөйледі. Сондай-ақ Қызылорда облысының «Рухани жаңғыру орталығы» өкілдері, Қорқыт ата атындағы ҚМУ тарихшылары мен оқытушылары өз баяндамаларын жасап, ой-пікірлерін білдірді. Басқосуға Қазақстандағы президенттік сайлауды халықаралық байқаушылар тобы да қатысты.

Дөңгелек үстел барысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясындағы «Ақ жол» партиясының атқарған істері, ұлттық мүддеміздің қорғалуы, мемлекеттік тілдің дамуы, мәдениетіміздің мәйекті мәселелері талқыланды. Білім саласындағы қордаланған мәселелер де өткір айтылды. Әсіресе мұғалімдер қауымы бастауыш сыныптарда жаңартылған бағдарлама қазақ әдебиеті сабағының бір сағатын қиып кеткеніне қынжылыс білдірді. Қ.Иса бастауыш сыныптардағы жаңартылған бағдарлама кесірінен бұрын аптасына төрт рет өтіп келген «Әдебиеттік оқу» сабағының қазір үш ретке түсіп қалған мәселесі партия фракциясында қаралатынын мәлімдеді.

Сонымен қатар еліміздің басқа өңірлерінде де үгіт-насихат жұмыстары жалғасын тауып, аймақтық қоғамдық штаб өкілдері түрлі іс-шаралар өткізуде. Нәтижесінде жұрт кандидаттың ұстанымдарынан хабардар болып қалды.



ҮГІТ-НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫ БАРЛЫҚ ӨҢІРДІ ҚАМТУДА



Жамбыл жұртшылығымен жүздесті

«Ақ жол» демократиялық партиясынан президенттікке кандидат Дания Еспаеваның республикалық штабы жетекшісі Азат Перуашев Жамбыл облысына келіп, жергілікті сайлаушылармен кездесті. Сайлауалды үгіт тобы әуелі Жамбыл облысы, Байзақ ауданының орталығы Сарыкемер ауылында болып, тұрғындармен және кәсіпкерлермен кездесті. 30 мыңнан астам халқы бар Сарыкемер ауылының өзінде мемлекет қолдауының нәтижесінде кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтардың қатары күн санап артып келеді. Кездесу кезінде кәсіпкерлер салаға байланысты сауалдарын қойып, кандидаттың сайлауалды бағдарламасымен де танысты.

Бұдан кейін президенттіктен үміткер Д.Еспаеваның республикалық штабы мүшелері Байзақ ауданының Қостөбе ауылына да барды. Мұнда да сайлауалды үгіт тобы ауыл тұрғындарымен және кәсіпкерлермен кездесіп, кәсіпкерліктің дамуы туралы өзара пікір алмасты. Жиында кандидаттың бағдарламасында көрсетілген кәсіпкерлікті дамытуға қатысты бағыттар назарға алынды.

Сонымен қатар республикалық штаб жетекшісі Азат Перуашевтің Жамбыл облысының сайлаушыларымен кездесуі Тараз қаласында жалғасты. «Қошмамбетов және К» гимаратында өткен кездесуге «Ақ жол» партиясы орталық қызметі президентіміздің мүшесі Болат Өтепбаев, партияның Жамбыл облыстық филиалының жетекшісі Асан Қошмамбетов және облыстық партия ұйымының белсенділері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Кездесу барысында президенттікке кандидат Д.Еспаеваның сайлауалды бағдарламасы таныстырылып, кәсіпкерлерге шағын бизнесті ынталандыру үшін салықты төмендету, салалар үшін қосымша күн салығының мөлшерлемесін азайту мәселесі де түсіндірілді. Сондай-ақ мұнда да кәсіпкерлер шағын және орта бизнес үшін банктегі несие мөлшерлемесін төмендетудің дұрыс екенін жеткізді.

Ауылшаруашылығына басымдық беру керек

«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы атынан сайлауға түсіп жатқан Төлеуғай Рақымбеков өзінің сенім білдірілген адамдарымен бірге Алматы облысын аралап жүр. Насихатшылар тобы өңірдегі жақында ашылған агропарк пен осы салаға қызмет ететін авиация өкілдерімен кездесті.

2008 жылы Қарасай ауданының Көлдi ауылында еліміздегі ең алғашқы ауыл шаруашылығы бойынша білім тарату орталығы ашылған еді. Содан бері жергілікті шаруалар салаға қатысты бастамалармен осында танысады. Жобаларды іске асырып, өнімін еселегендер де бар. Мұнда шаруалар өз мәселесін айтып, мамандар оның шешімін іздеп жатады. Т.Рақымбеков енді осындай мекемелерді еліміздің барлық аудан орталығында ашу керек деп есептейді.

Ал «Өңтүстік» агропарк өткен жылы ғана жұмысын бастады. Бұл алдыңғы білім тарату орталығының тәжірибе алаңы десе де болады.

Арнайы аумаққа отандық мамандар ойлап тапқан ондаған тұқым егіліп, нәтижесі шаруаларға таныстырылып жатыр. Президенттіктен үміткер Т.Рақымбеков кешенді шаралар арқылы ғана саланың дамуына тың серпін беріп, әлемдегі аграрлы елдермен бәсекелесуіне аламыз дейді.

Бұған қоса кандидат арнайы ұшаққа отырып, авиация саласының маңызы туралы да айтып берді. «Әсіресе мыңдаған гектар аумақты бақылауда ұстап, қажетті шаралар қолдану үшін осындай техникалар керек. Ал шағын егіс алқаптарына дрондарды пайдалана бастау қажет. Жалпы, заманауи жабдықтардан қашпау керек, оны қолданғаннан шаруаның ұтары көп», деді Т.Рақымбеков.

Ауылдың гүлденуі, Қазақстанның гүлденуі деп санайтын «Ауыл» партиясының кандидаты өзінің сайлауалды бағдарламасында ауылдың өлеуетін көтерудің негізгі бағыттарын ұсынады. Соның ішінде жастар мәселесін де қамтып, ауылға қажет мамандарды даярлау туралы айтылған.

Аграрлық ғылым өкілдерімен кездесті

Бізге мұнай, көмір, темір сияқты қазба байлықтарға сеніп отыра бермей, ауыл шаруашылығын да нықтап қолға алу керек. Өйткені, соңғысы ешқашан сарқылмайды. Сондықтан, оны қазірден бастап бір жолға қойып, өлеуетін толық пайдалана алсақ, болашаққа алаңдауға еш негіз қалмайды деді Төлеуғай Рақымбеков Алматы-



дағы аграрлық ғылым өкілдерімен кездесу барысында.

Алматыдағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты жердің беткі қабатын зерделеп, оның құнарлылығын арттыру технологиясын өзірлейді. Тіпті, бұнда әлемде тең-

десі жоқ бастамалар да бар. Соның арқасында қазір ауыл шаруашылығымызда өнімділік артып, саланың бойына қан жүгіре бастаған. Ал Төлеуғай Рақымбеков осындай ғылыми мекемелерге қолдауды аямау керектігі жайында үнемі айтады.

Бұнда ғылыми жұмыспен айналысуға барлық жағдай бар. Яғни, заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Алатын айлықтары әлдеқайда жоғары. Тіпті, жас мамандарға уақытша баспана да беріледі. Президенттікке үміткер енді осындай жағдайды басқа да ғылыми-зерттеу мекемелерінде жасау керек дейді. Сонда ғана, аграрлық ғылым мен өндіріс алға басарына сенімді.

Аграрлық ғылым саласының өкілдерімен кездесу барысында салаға жас мамандарды тарту, жұмыссыздықпен күрес және жемқорлықты жою мәселелері де сөз болды. Төлеуғай Рақымбековтың өңірге сапары ертең де жалғасады.

Зауыт жұмысшыларымен кездесті



Кәсіподақтар федерациясынан президенттікке кандидат Амангелді Таспиховтың Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша қоғамдық аймақтық штабының мүшелері сайлауалды кездесулер өткізіп жатыр. Түрлі еңбек ұжымдарын қамтыған жиындардың бірі Шымкентте орналасқан «Таған» ЖШС асфальт зауытында өтті. Кеңсе қызметкерлері және индустриялық-эконо-

дақтар бірлестігі төрағасының орынбасары, сенім білдірілген өкіл Серік Әуесханов айтып берді. Ол кандидат тұғырнамасында көрсетілген қарапайым жұмысшы мәртебесін көтеруге бағытталған ұсыныстарды ортаға салды. Лайықты жалақы төлеу, еңбек миграциясы, еңбек құқы мәселелерін жан-жақты түсіндірді. Кеңсе қызметкерлерімен кездесуде мекеменің бас есепшісі Ілияс Мошқалов және индустриялық-экономикалық аймақтағы жұмыс істеп тұрған зауыттың учаске басшысы Дәрмен Әлімсақов еңбек адамының мүддесін қорғауда қашанда аянып қалмайтын кәсіподақтың атқарған жұмыстарын саралай келе, алдағы мүмкіндіктерін де таратып айтты.

Сонымен қатар «Мемлекеттік, банк және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің сала-лық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық және Шымкент қалалық филиалының төрайымы Күлдар Есебаева облыстық мемлекеттік мұрағат қызметкерлерімен кездесіп, насихат жұмысын жүргізді. Ол кандидаттың бағдарламасына сүйеніп, еңбек адамдарына лайықты еңбе-

қақы төлеумен бірге қауіпсіз еңбек жағдайларын да жасау өте маңызды шарт екенін мәлімдеді.

Олимпиада чемпионы – кандидат штабында

Кәсіподақтар федерациясынан президенттікке кандидат Амангелді Таспихов республикалық қоғамдық штабында Олимпиада чемпионы Данияр Елеусіновпен кездесті. Кездесу барысында үміткер мен чемпион үлкен спорт туралы пікір алмасып, өмірлік ұстанымдарымен, болашаққа арналған жоспарларымен бөлісті. Олимпиада шыңын бағындырған Д.Елеусінов бүгінде кәсіпқой боксқа ауысып, ең танымал әлемдік ареналардың тұғырын бағындырып келеді. Боксшының қоржынында жеті жекпе-жектен жеті жеңісі бар. Жеті жеңістің төртеуіне АҚШ-та, екеуіне Ұлыбританияда, біреуіне Монакода қол жеткізді.

Президенттіктен үміткер А.Таспихов «Жеңгің келсе, барлық жеңістердің қақырылы еңбек арқылы келетінін ұмытпа» деген ойын білдірді. Ал спортшы кандидаттың сайлауалды тұғырнамасының негізгі бағыттарымен танысып, кәсіподақтың көптеген құндылықтарының кәсіби боксқа қатысы барын, соның ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау, команда мүшелерімен ұжымдық еңбек шартын жасау сияқты мәселелердің маңыздылығын атап өтті. Кездесу соңында тұлғалар бір-біріне сәттілік пен жеңіс тіледі.

Сонымен қатар А.Таспиховтың сенім білдірілген адамдары Павлодар қаласында Тірек-қимыл мүшелері бұзылған балаларға арнайы сауықтыру қызметтерін көрсету орталығына барып, еңбек ұжымымен кездесті. Жиында Павлодар облысының мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағының мүшесі Жұмабай Мұхаметалин қатысушыларға кандидаттың еңбек жолы туралы баяндап, сайлауалды тұғырнамасының негізгі бағыттарын таныстырды. Жиналған қауым көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, жақындап қалған сайлау туралы жан-жақты мәлімет алды.

ҮГІТ-НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫ БАРЛЫҚ ӨҢІРДІ ҚАМТУДА

(Соңы. Басы 9-бетте)

Коммунистер халық мүддесін қорғамақ

Қазақстан Коммунистік халық партиясы атынан сайлауға түсіп жатқан Жамбыл Ахметбеков Өскемен қаласында Экономика және қаржы колледжінің профессорлық-оқытушылар құрамымен және студенттерімен кездесті.

Кандидат бұл басқосуда партия Парламент Мәжілісінен орын алып отырған саяси ұйым екенін және мемлекеттік деңгейде халық мүддесін қорғайтынын айтты. Сөйтіп сайлауалды тұғырнамасының басым бағыттарын таныстырып, оның коммунистік идеология ұстанымдарынан бастау алатынын тілге тиек етті.

Ж.Ахметбеков Коммунистік халық партиясы агроөнеркәсіп өнімдеріне тұтынушылық сұранысты ынталандыру бағдарламасымен бірге кедейлікпен күрес бағдарламасын қабылдауды бірнеше рет ұсынғанын және оның жүзеге асырылуы үшін жұмыс істейтінін ерекше атап өтті. Кездесу соңында спикер сайлаушыларды 9 маусым күні өтетін кезектен тыс президент сайлауында белсенді болуға және лайықты үміткерге дауыс беруге шақырды.

Сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласындағы насихатшылар тобы белсенді жұмыс істеп, өз кандидаттарының негізгі ұстанымдарын халыққа барынша жеткізуде. Олар кезіккен жұртқа үгіт парақшаларын және партия журналдарын таратып, әңгімелесіп, сайлауалды бағдарламаның басым бағыттары туралы мәлімет берді. Қала тұрғындары да түсіністік танытып, коммунистердің бастамасын жылы қабылдап жатыр. Бұған қоса партияның жас мүшелері Бүкіләлемдік темекі шегуге қарсы күнді елеусіз қалдырмай, «Біз темекі шегуге қар-



сымыз» атты акция өткізді. Осы шараның аясында саламатты өмір салтын қалыптастыруға атсалысып жүрген Ж.Ахметбековтің кандидатурасын қолдауға үндеді. Елордалық қоғамдық штабтың өкілдері көпшілікке партия журналының соңғы нөмірінде жарық көрген материалдарды көрсетті. Онда сайлауалды науқанда атқарылған іс-шаралар туралы толыққанды баяндалған.

Шахмат турнирі өткізді

Қазақстан Коммунистік халық партиясынан президенттікке кандидат ретінде ұсынылған Жамбыл Ахметбековтің сенім білдірген адамдары Нұр-Сұлтан қаласында Ардагерлер кеңесімен кездесу өткізді. Іс-шара барысында шахматтан турнир ұйымдастырылып, қариялар бір жасап қалды.

Басқосуда президенттіктен үміткер Ж.Ахметбековтің сайлауалды тұғырнамасының негізгі тезистері түсіндірілді. Нұр-Сұлтан қаласы сайлауалды штабының жетекшісі Н.Оразханов пен партияның құрметті ардагері Н.Батюта ұйымның жаңа мүшелеріне салтанатты түрде партиялық билеттер тапсырды. Мұнымен кандидаттың ұстанымдары қолдау көрсететін азаматтардың қатары толықты. Н.Оразханов партияның жаңа мүшелері үшін өмірдің ерекше кезеңі басталғанын айтты. Оларға партияның үндейтін идеялары мен құндылықтарын дәріптеуді жалғастыру міндеті жүктелді. Сонымен қатар ол еліміздің әрбір азаматы үшін партияның есігі ашық екенін жеткізді. Билет табыстау рәсімінен кейін шахмат турнирі басталды. Турнирде қалалық комитеттің жас белсенділері қала ардагерлерімен сайысқа түсті.

Сонымен қатар елордадағы насихатшылар тобы белсенді жұмыс істеп, өз кандидаттарының бағдарламасын халыққа барынша жеткізуде. Олар жұртшылыққа үгіт парақшаларын және партия журналдарын таратып, әңгімелесіп, сайлауалды бағдарламаның басым бағыттары туралы мәлімет берді. Қала тұрғындары да түсіністік танытып, коммунистердің бастамасын жылы қабылдап жатыр. Сондай іс-шаралардың бірі Мемлекеттік рәміздер күніне орай ұйымдастырылған

флешмоб болды. Насихатшылар тобы Нұр-Сұлтан қаласындағы ең биік орналасқан ресми нышан – Қазақстанның Мемлекеттік Туының астына жиналды. Сол маңда белсенділер жұртқа кандидаттың ұстанымдары көрсетілген үгіт материалдарын үлестірді.

Қосановты қолдау штабы байқаушыларға арнайы куәлік тапсырды

«Ұлт тағдыры» ұлттық-патриоттық қозғалысы атынан президенттікке кандидат ретінде ұсынылған Әміржан Қосановтың өңірлердегі сайлауалды қоғамдық штабтары белсенділік танытып, сайлау күні учаскелерде дауыс беру процесін қадағалайтын байқаушыларға семинарлар өткізіп жатыр. Соның бірі Нұр-Сұлтан қаласында ұйымдастырылып, республикалық штаб өкілдері бірқатар байқаушыға арнайы куәліктерін тапсырды. Байқаушылардың көпшілігі семинарлардан өтіп, құқықтары мен міндеттері, сайлау кезінде орын алуы ықтимал түрлі жағдайлардағы әрекеттері жайлы біліктілігін арттырды. Сайлау күніне дейін семинарлар тағы да өтеді. Осы іспеттес куәліктер бүкіл ел бойынша кандидаттың облыстық штабтарында да, мүдделі қоғамдық бірлестіктерде де беріліп жатыр.

Сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысында сайлау байқаушыларына арналған кезекті семинар-тренинг өтті. Кандидаттың облыстық қоғамдық штабында өткен іс-шараның модераторы және тренеры Дос Көшім болды. Ол байқаушылардың құқықтары мен міндеттері туралы кеңінен түсіндірді. Бұған қоса Ә.Қосановтың сенім білдірілген адамы Семей қаласының жергілікті тұрғындарымен кездесті. Онда халыққа алдағы саяси науқанның маңыздылығына тоқталып, президенттіктен үміткердің басты ұстанымдары жөнінде әңгімелеп берді.

Насихатшылар тобы өңір-өңірде қызу жұмыс істеп, түрлі акциялар ұйымдастыруда. Белсенділер жергілікті тұрғындарға кандидаттың сайлау-

алды тұғырнамасында көрсетілген бағыттарды жан-жақты жеткізіп, үгіт материалдарын да кеңінен таратып жатыр. Бұл ретте қоғамдық штабтар әлеуметтік желілердің әлеуетін да тиімді пайдаланып, еліміздегі ең ірі саяси оқиғаның маңызын да арттыруда. Осындай шаралардың нәтижесінде Ә.Қосановқа қолдау білдірген халықтың қатары да арта түсті.

Халықаралық ұйымдар делегацияларын қабылдады

«Ұлт тағдыры» ұлттық-патриоттық қозғалысы атынан президенттікке кандидат болып тіркелген Әміржан Қосановтың Нұр-Сұлтан қаласындағы республикалық штабына Түркі тілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі, Ислам ынтымақтастығы Ұйымы және Түркі тілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы делегациялары келді. Қазақстандағы кезектен тыс президенттік сайлау процесін бақылау миссиясы аясында ұйым өкілдері штабтың жұмысымен танысты. Кездесу барысында кандидат Ә.Қосанов сайлауалды тұғырнамасындағы негізгі бағыттар, өңірлердегі жұмыс және жақын арадағы өз жоспарлары туралы айтып берді. Тараптар сайлауалды кезеңде жемісті ынтымақтастықты одан әрі жалғастыруға келісті.

Сонымен қатар президенттіктен үміткердің республикалық сайлауалды штабының мүшелері елорда іргесіндегі Қоянды ауылына келіп, жергілікті тұрғындармен кездесті. Штаб өкілдері халықпен кездесуде үміткердің сайлауалды тұғырнамасындағы негізгі бағыттарын нақты көрсетіп, тұрғындарды толғандырған сұрақтарға жауап берді.

Бұдан бір күн бұрын Ә.Қосанов Орал қаласында Батыс Қазақстан облыстық штаб мүшелерімен кездесті. Іс-шарада кандидаттың сайлауалды тұғырнамасы нақтырақ талқыланып, түрлі өзекті қоғамдық мәселелерге қатысты өз ұстанымын жеткізді. Штаб мүшелері өздерін мазалаған сауалдарын қойып, өңірде атқарылып жатқан үгіт-насихат жұмыстары жөнінде баяндап

қоғамдық бірлестігінің атынан сайлау додасына түсіп отырмын. Ешқандай партияда жоқпын, ана тілімнің мәртебесін көтеру мақсатында барлық жерде мемлекеттік тілде сөйлеймін. Біздің қозғалыстың негізгі мақсаты – ұлттық құндылықтарды ұлықтау, Ұлы дала мәдениетін жаңғырту, халықты бірлікке, ынтымаққа шақыру. Негізгі ұстанымдарым: ұлағатты ұрпақ – ұлттық ұстаным, ауыл – алтын бесігіміз, жемқорлыққа тосқауыл қою, жер – жанымыз, тіл – тұғырымыз. Біздің жеріміздің асты мен үстіндегі барлық қазба байлық – халқымыздың төл меншігі. Сол байлықтан түскен пайда әрбір азаматқа тиесілі болуы қажет. Ұрпағымызға таза су мен ауаны, таза экологияны қалдыруға тиіспіз», деді президенттіктен үміткер.

Кандидаттың сенім білдірілген адамдары Ынтымақ Құлтасов, Клим Губашев және Асан Қарамоншақов сөз алып, оның бағдарламасындағы ел болашағын айқындауға қажетті басым бағыттарға тоқталды. Сонымен қатар «Ұлттық құндылықтарды ұлықтаймыз!» атты қолөнершілер көрмесі ұйымдастырылды. Жиналғандар алдында домбырашы Тұрлан Бисембаев, суретшілер Лаура Тілекбай, Мұрат Ергалиев шеберлік сабақтарын өткізді.

«Жер – жанымыз, тіл – тұғырымыз»

«Ұлы дала қырандары» республикалық қозғалысынан президенттікке кандидат Сәдібек Түгел өзінің сенім білдірілген адамдарымен бірге Батыс Қазақстан облысында жүр. Насихатшылар тобы өңірдегі киелі орындарды аралап, зиярат етіп, тұрғындарға, шет аймақтан келген жұртқа сайлауалды бағдарламасын түсіндіруде. Негізгі ұстанымдары ұлттық құндылықтарға дәріптеуге бағытталған кандидаттың мұндай қасиетті жерлерге атбасын бұруы ерекше маңызға ие. «Жер – жанымыз, тіл – тұғырымыз» деп ұрандатқан С.Түгел осы Түркістан секілді қасиетті жеріміздің қадірін біліп, дәл осы өңірдегі халықтың таза сақталған тілі мен қаймағы бұзылмаған дәстүрі бүкіл қазаққа үлгі болғанын қалайды.



берді. Жалпы, еліміздің барлық аймағында жүргізіліп жатқан түрлі іс-шаралардың нәтижесінде жергілікті тұрғындар Ә.Қосановтың өмір жолы, көзқарастары туралы әжептәуір хабардар болып қалды. Сондай-ақ халықтың көбі сайлауалды науқан аясында өтіп жатқан кездесулерге белсенді қатысып, өздерінің ой-пікірлерін жеткізіп, мезелі күні сайлаудан да қалыс қалмай, таңдаған кандидаттарына дауыс беретіндерін айтуда.

Жайық жағасындағы жүздесу

«Ұлы дала қырандары» республикалық қозғалысынан президенттікке кандидат Сәдібек Түгел Атырау қаласында сайлаушылармен жүздесу өткізді. Жайық жағасында орналасқан мұнайлы қаладағы кездесуде жазушы-журналист С.Түгел өзінің басты ұстанымдары көрініс тапқан сайлауалды бағдарламасы туралы баяндап берді.

«Атырау өңірі мұнайы және газымен ғана емес, елімізге әйгілі тарихи тұлғаларымен де танымал. Ұлттық құндылықтарды құрметтей білетін сіздердің алдарыңызда өзімнің сайлауалды бағдарламамда атап көрсетілген басты міндеттерге тоқтала кетейін. «Ұлы дала қырандары»

Президенттіктен үміткер өзінің сайлауалды бағдарламасында көрініс тапқан негізгі бағыттарды халықпен кездесулерінде кеңінен түсіндіруде. Ол киелі орындарға жасаған сапарларында ұлттық құндылықтар, салт-дәстүріміз туралы сөз қозғаса, перзентханадағы кездесуінде демографияға кәміл бөлудің маңызын түсіндірді. Сондай-ақ ұлттық ойын түрлерінен түрлі біріншіліктер ұйымдастыруға бастамашы болып, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру жайын да ұмыт қалдырған жоқ.

Сонымен қатар болашақ ұрпақ тәрбиесінде көкірегі қазынаға толы қарияларға қамқорлық жасауды да назарына алды. Ақсақалдардың көңілін аулаған шаралардың бірінде «Қарияларымыз күн өткен сайын азайып бара жатыр деп айтқанымызбен, сезіміз бен ісіміз үйлеспей жатады. Сонау соғыс кезінде де балалары оралмай жалғыз қалған қарияларды бүкіл ауыл болып қамқорлығына алып, қарайласушы еді ғой. Ал қазір ше? Ата-анасын қартайғанда қараусыз қалдырып, қарттар үйіне апарып өткізіп, бар жауапкершілікті мемлекетке аудару салатын безбүйрек ұрпақ қайдан шықты, бұл біздің ұрпақ тәрбиесіндегі олқылықтарымыздың кесірі емес пе?» деп қазіргі жағдайды сынады.

«Egemen Qazaqstan»

